



ТҮРІКМЕН ХАЛҚЫНА ТАБЫС ТІЛЕДІ

Мемлекет басшысы Түрікменстан Халқ Маслахатының Төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедовпен телефон арқылы сөйлесті.



Президент түрікмен халқының Ұлттық көшбасшысын туған күнімен құттықтап, оның бауырлас Түрікменстанның игілігі үшін атқарып жатқан жауапты мемлекеттік қызметіне табыс тіледі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Аркадаг Гурбангулы Бердімұхамедовтің Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы ғасырлардан тамыр тартатын достыққа, тату көршілікке және өзара құрметке негізделген стратегиялық серіктестікті нығайтуға елеулі үлес қосқанын атап өтті.

Әңгімелесу барысында тараптар қазақ-түрікмен қарым-қатынасының жоғары деңгейіне назар аударып, екі-жақты күн тәртібіндегі өзекті мәселелер мен өзара ықпалдастық перспективасын талқылады.

АТА ЗАҢ – ЖАҢА КЕЗЕҢНІҢ ЖАРШЫСЫ

Ертең, яғни 1 шілдеден бастап Қазақстан халқы мемлекеттік жүйе мен құқықтық саладағы тарихи реформаның келесі белесін аспақ. Ауқымды жаңалықтың жаршысы – жылдың бел ортасында күшіне енгелі отырған жаңа Конституция. Осы тұста Ата заңның жаңа нұсқасы қоғам өмірінде қалай көрініс тауып, қандай өзгерістерге темірқазық болатынын саралап көрдік.

→ 3



КВОТАҒА ЖАРЫМАЙТЫН ҚОР



Басы ауырып, балтыры сыздамайтын адам жоқ. Тек сондайда тән сырқатыңды лезде емдеп беретін емхана-ауруханалар жұмысы мінсіз болса дейсің. Алайда саланың өттеген-айы көп. Ал мамандар сол мәселенің түбін Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына апарып тірейді.

→ 5

ТАРИХИ ТАМЫРЛАСТЫҚ – СЕРІКТЕСТІК НЕГІЗІ



Тәуелсіздік сарайында елімізге ресми сапармен келген Грузия Премьер-министрін қарсы алу рәсімі өтті.

Іс-шара барысында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ираклий Кобахидзе бір-біріне делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылы ротасының бастығы рапорт берген соң Қазақстан мен Грузияның әнұрандары шырақалды.

Содан кейін Қазақстан Президенті мен Грузия Үкіметінің басшысы шағын құрамда келіссөз жүргізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ираклий Кобахидзеге ілтипат көрсетіп, аталған сапар қазақ-грузин серіктестігін нығайтуда өте маңызды екенін атап өтті.

– Бұл сапар табысты болатынына сенімдімін. Қазақстан Грузияны стратегиялық тұрғыдан маңызды әрі дәстүрлі серіктесі ретінде қарастыратынын атап өткім келеді. Біз көптеген бағытта, соның ішінде экономикалық немесе гуманитарлық салаларда тығыз байланыс орнаттық. Мұндай ықпалдастық алдағы уақытта да жалғасуға тиіс деп ойлаймын. Мемлекет басшысы ретінде ынтымақтастығымыздың қарқынды дамып, нәтижелі болуына барлық күш-жігерімді жұмсаймын. Сіздер Қазақстанның стратегиялық серіктесі саналасыздар. Елімізбен достықты және ынтымақтастықты жоғары бағалаймыз. Қазақстандықтар Сіздің еліңіз бен халқыңызды шын мәнінде құрметтейді. Бүгінде көптеген туристеріміз Грузияға барып, жақсы көңіл күймен оралып жүр. Әрине әлі де іске асырылмаған мүмкіндіктеріміз мол. Сондықтан екіжақты ынтымақтастыққа тың серпін беру үшін қолда бар әлеуетімізді тиімді пайдалануға бар күшімізді жұмылдыруымыз қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Ираклий Кобахидзе Қазақстанға ресми сапармен келіп, жоғары деңгейде кездесу өткізуді өзіне зор мәртебе санайтынын айтты.

– Біз Грузия мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынасқа ерекше мән береміз. Серіктестігіміздің стратегиялық сипат алғаны қуантады. Ынтымақтастығымыздың негізгі мәні де осында. Алайда Өзіңіз атап өткендей, жүзеге аспаған әлеуетіміз жетерлік. Сондықтан оны толық іске асыруға күш салуымыз керек. Елдеріміз арасындағы берік саяси және экономикалық, сондай-ақ білім беру, мәдениет және басқа да көптеген саладағы ықпалдастықты қолдаймыз. Барлық бағыттағы байланыстарды арттыруға айрықша ниеттіміз. Бұл сапардың маңызы ерекше. Өйткені біз Стратегиялық серіктестік туралы бірлескен мәлімдемеге қол қоямыз. Аталған құжаттың екіжақты ынтымақтастыққа тың серпін беретініне сенімдімін. Серіктестігіміз ортақ құндылықтарға негізделген, сондықтан қарым-қатынасымыздың әлеуеті зор. Елдеріміз арасындағы достық пен өзара ықпалдастыққа қолдау көрсеткеніңіз үшін алғыс айтамын, – деді Грузия Премьер-министрі.

ЕКІ ЕЛ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ӨЗЕГІ

Бұдан соң Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ираклий Кобахидзе келіссөз жүргізді.

Ресми делегация мүшелерінің қатысуымен өткен келіссөз барысында екі елдің саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығын кеңейту перспективасы талқыланды.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Оңтүстік Кавказдағы уақыт тезінен өткен сенімді серіктесі Грузиямен арадағы достық қатынастарды бағалайтынын атап өтті.

– Біздің елдерімізді тарихи тамырластық, ортақ мәдени құндылықтар мен халықтарымыздың арасындағы берік байланыстар біріктіреді. Бұл – өзара серіктестігіміздің негізі. Біз жана ғана нәтижелі пікір алмасып, екіжақты ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ниетті екенімізді растадық, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент бүгін қол қойылатын Стратегиялық серіктестік орнату жөніндегі бірлескен

мәлімдеме қазақ-грузин қарым-қатынасын жана әрі сапалы деңгейге көтеретініне сенім білдірді.

– Сауда-инвестициялық ықпалдастық екі ел байланысының өзегі саналады. Жаһандағы тұрақсыздыққа қарамастан тауар айналымын ұлғайтуға мүмкіндік мол. Қазақстан Грузия экономикасына жарты миллиард доллардан астам инвестиция салды. Әрі аталған елдің ірі инвесторларының қатарына кіреді. Мемлекеттеріміз энергетика секторында табысты ынтымақтастықты жолға қойды. Біз Баку – Тбилиси – Джейхан құбырымен мұнай тасымалы көлемін ұлғайтуға ниеттіміз. Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссия аясында белсенді жұмыс атқарылып жатыр. Бүгінгі кездесу келешектегі жана басымдықтарды айқындауға септігін тигізеді деп үміттенемін, – деді Мемлекет басшысы.

Ираклий Кобахидзе Қасым-Жомарт Тоқаевтың көшбасшылығымен Қазақстан дамуын даңғыл жолына түскеніне тоқталды.

– Қазақстан – Орталық Азия аймағындағы сенімді серіктесіміз. Орайлы сәтте Сізді жана Конституцияның қабылдануымен құттықтаймын. Бұл Сіздің тегеурінді басшылығыңызды және Қазақстанның орнықты дамуын көрсетеді. Екіжақты серіктестікті жана стратегиялық деңгейге көтеру үкіметтеріміз бен халықтарымыздың арасындағы ынтымақтастыққа жол ашады. Сізге Стратегиялық серіктестік туралы бірлескен мәлімдеме қабылдағаныңыз үшін алғыс айтамын. Сондай-ақ біз Қазақстанмен саяси диалог болсын, институционалдық және үкіметтік алмасулар болсын, түрлі деңгейдегі тығыз ықпалдастықты жоғары бағалаймыз. Мұның бәрі қарым-қатынасымызды ілгерілету түседі, – деді Грузия Премьер-министрі.

Мемлекет басшысы стратегиялық серіктестікті одан әрі дамыту үшін оны нақтылай түсіп, энергетика, инвестиция, көлік қатынасы, ауыл шаруашылығы, цифрландыру, туризм және басқа да перспективті салаларға бағытталған «жол картасын» әзірлеуді ұсынды.

(Жалғасы 2-бетте)

ТАРИФТЕН БҰРЫН ТӘРТІП ҚЫМБАТ

«Алдағы айда тоқтың тарифі күрт көтеріледі екен» деген ақпарат тарағалы бұқара мен бизнестен маза кеткен еді. Абырой болғанда, Үкімет бұл райынан қайтып, елдің де көңілі орнына түскендей болды. Сонымен бірге инфрақұрылымды жаңартуға бағытталған «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы жалғасады. Алайда жұрттан жиналған қыруар қаржының бір бөлігінің лайықсыз жұмсалуды депутаттар сынына ұшырады. Сондықтан бақылауды барынша күшейту ұсынылып отыр. Ендігі қадам не болмақ?



→ 4

АҚОРДА

30 МАУСЫМ 2026 | СЕЙСЕНБІ

ТАРИХИ ТАМЫРЛАСТЫҚ –
СЕРІКТЕСТІК НЕГІЗІ

(Басы 1-бетте)

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ираклий Кобахидзе өзара тиімді инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға мүдделі екенін растады.

Атап айтқанда, Транскаспий халықаралық көлік бағдарының негізгі қатысушылары ретінде екі ел көлік-логистика инфрақұрылымын дамыту, контейнерлік тасымал көлемін кеңейту, тариф саясатын үйлестіру және цифрландыруды үдету бағытында дәйекті шаралар қабылдауға ниетті.

Соңғы бес жылда Орта дәліз арқылы тасымал көлемі 3,5 есе өскен. 2029 жылға қарай аталған бағдар бойынша қатынайтын контейнерлік пойыздар саны 3 мыңға жетеді деп күтілуде.

Қазақстан Батуми портынан бөлек, Грузияның басқа да теңіз айлақтарына кіруге мүдделі. Өткен

жылы қазақстандық инвестордың қатысуымен Поти портында жаңа мультимодальды терминал ашылды. Анақлия порты – өңіраралық байланысты нығайту тұрғысынан қызықты жобаның бірі саналады.

Цифрландыру мен жасанды интеллект өзара ынтымақтастықтың перспективті салаларының қатарында аталды. Екі ел цифрлық үкімет, онлайн мемлекеттік қызметтер және GovTech шешімдер бағытында тәжірибе алмасуға дайын екенін растады.

Қазақстан Грузия стартаптары мен технологиялық компанияларының Astana Hub бағдарламасына және аймақтық технологиялық бастамаларға қатысуын күтпайды.

Бұдан бөлек, әңгімелесу барысында денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және туризм салала-

рындағы серіктестікті нығайту мәселесіне айрықша назар аударылды.

МӘДЕНИ БАҒЫТТЫҢ
МАНЫЗЫ ЗОР

Президент Грузияның қазақстандық туристер үшін танымал бағыттардың бірі саналатынын атап өтіп, еліміз де грузиялық меймандарды құшақ жая қарсы алуға дайын екенін айтты.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы мәдени алмасуларды қолдаудың маңызына мән беріп, екі елдің мәдениет күндерін ұйымдастыруды ұсынды.

Келіссөз қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ираклий Кобахидзе Қазақстан Республикасы мен Грузия арасында Стратегиялық серіктестік орнату жөніндегі бірлескен мәлімдеме қабылдады.

СЕНАТТА ПАЛАТАНЫҢ
СОҢҒЫ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қорытынды отырысы өтті. Палата Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен өткен жиында Мемлекет басшысының реформаларын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету бағытында атқарылған жұмыс қорытындыланып, бірқатар заң мақұлданды.

Сенат Төрағасы Палатаның атқарған қызметіне кенірек тоқталып, Қазақстан Парламенті 30 жыл ішінде өкілді демократияның негізгі институтына айналғанын айтты. Осы уақыт аралығында ел өмірінің барлық негізгі саласын қамтитын маңызды шешімдер мен заңдар қабылданды. Сондай-ақ Мәулен Әшімбаев парламенттік реформа – «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасына негізделген ауқымды жаңғырту стратегиясының дәйекті жалғасы екенін тілге тиек етті.

«Еліміз үшін тағдыршешті осы кезеңде өзіміз және Сенаттың депутаттар корпусы атынан Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа шынайы

ризалығымызды білдіреміз. Мемлекет басшысының бізге арқан зор сенімін, жан-жақты қолдауын және ауқымды реформаларды жүзеге асыру жұмыстарына қатысуға берген мүмкіндігін жоғары бағалаймыз. Біз әрдайым тәуелсіздікті нығайтуға, заң үстемдігін қамтамасыз етуге және халық мүддесіне қызмет етуді көздейтін Президент саясатына адал болып қала береміз. Бүгінде Қазақстан сапалық тұрғыдан жаңа даму кезеңіне қадам басып отыр. Сондықтан жаңа Конституцияны толыққанды іске асыру және Әділетті Қазақстан құру жолында барлық прогрессивті қоғамдық-саяси күштердің Мемлекет басшысының саясаты төңірегінде топтасуы аса маңызды», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар өткен жылдар ішінде депутаттар корпусы көптеген маңызды заңға бастамашы болғаны және оларды қабылдағаны айтылды. Осылайша, Мемлекет басшысының жаңғырту күн тәртібін заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету бағытында ауқымды жұмыс атқарылды.

«Сенат өз тарихында 890-нан астам отырыс өткізіп, 3,5 мыңнан астам заңды қабылдап, мақұлдады. Әрбір онінші заң депутаттардың бастамасымен әзірленген. Бұл құқықтық актілер Қазақстанның жаңа саяси, экономикалық және фискалдық моделінің негізін қалап, әлеуметтік саясаттың берік құқықтық базасын қалыптастырды. Сонымен қатар сот және құқық қорғау жүйесін жаңғырту, азаматтардың құқықтарын қорғау, заң үстемдігін қамтамасыз ету және ұлттық қауіпсіздікті нығайту әрдайым басым бағыттардың қатарында болды. Заң шығару қызметімен қатар Палата басқа да бағыттарда белсенді жұмыс жүргізді. Осы кезеңде 60-тан астам парламенттік тыңдау мен 3 мыңнан астам жоспарлы іс-шара ұйымдастырылды. Үкіметке қоғамдағы өзекті мәселелер

бойынша 3 мыңға жуық депутаттық сауал жолданды. Осындай ауқымды жұмыстың барлығы халықтың мүддесін қорғауға және мемлекетімізді нығайтуға бағытталғанын атап өткен жөн», – деп Мәулен Әшімбаев ел игілігі жолындағы бірлескен әйгілелі жұмыс үшін әріптестеріне алғыс айтты.

Отырыста Сенаттың өңірлердегі қызметіне, қоғамдық-саяси коммуникацияны нығайтуға, реформаларды халыққа түсіндіруге, сондай-ақ түрлі сала мамандарының сараптамалық әлеуетін дамытуға арналған жобаларына ерекше назар аударылды. Сенат Төрағасы «Өңір», «Бір ел – бір мүдде» депутаттық топтарының, «Ұлттық мүдде» диалог алаңының, Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі парламенттік комиссияның, сондай-ақ жүздеген белсенді азаматтың басын біріктірген Сенат жанындағы Taldau community жобасының жұмысын жоғары бағалады.

Қорытынды отырыста Сенат инклюзивті қоғамды дамытуға және параспорты қолдауға арналған әлеуметтік, спорттық жобаларды жүйелі түрде іске асырып келе жатқанына мән берілді. Палата 20 жыл бойы Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін және оның Хатшылығының отырыстарын жоғары деңгейде ұйымдастырып келгені де назардан тыс қалған жоқ.

Сондай-ақ сенаторлар жалпы отырыс барысында «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті арасындағы Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Елшілігінің және Қырғыз Республикасының Қазақстан Республикасындағы Елшілігінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі мен Қырғыз Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі резиденцияларының мұқтаждықтары үшін Астана қаласы мен Бішкек қаласындағы ғимараттарды және жер учаскелерін өзара өтеусіз пайдалануға беру туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарап, мақұлдады. Аталған келісімді ратификациялау Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы достық қарым-қатынасты одан әрі нығайтуға, саяси диалогты дамытуға және екіжақты ынтымақтастықты кеңейтуге ықпал етпек.

Бүгін күн тәртібіне шығарылған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан – Өзбекстан мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттері туралы келісімге 2006 жылғы 4 қыр-

Бұған қоса, екі елдің делегация мүшелері бір-қатар мемлекетаралық және ведомствоаралық құжат алмасты.

Осыдан кейін Мемлекет басшысы көшбасшылық танытып, екі елдің ынтымақтастығын нығайтуға зор үлес қосып келе жатқан Ираклий Кобахидзеге I дәрежелі «Достық» орденін салтанатты түрде табыстады.

Марапаттау рәсімінде Қасым-Жомарт Тоқаев Ираклий Кобахидзені еліміздің досы, көреген көшбасшы және өз ісіне берілген мемлекет қайраткері деп атады.

– Сіздің тегеурінді басшылығыңыздың арқасында Грузия ауқымды әлеуметтік-экономикалық реформалар жүргізіп, азаматтарының әл-ауқатын арттырып келеді. Сонымен қатар халықаралық беделін нығайтып, аймақтағы негізгі серіктестердің қатарында ұстанымын күшейте түсті. Грузия қуатты әрі өркендеген ел ретінде жаңа биіктерді бағындырып, орнықты даму жолында алға қарай қадам баса беретініне сенімдімін, – деді Президент.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев тарихи тамырластық, ортақ мәдени құндылық, сан ғасырлық достық пен өзара түсіністік байланыстыратын Қазақстан мен Грузия арасындағы қарым-қатынастың қазіргі деңгейін жоғары бағалады.

– Қазақ халқы Грузияның бай тарихы мен бірегей мәдениетіне зор құрметпен қарайды. Грузин қауымдастығы біздің көпұлтты қоғамымыздың ажырамас бөлігі саналады әрі екі ел арасындағы байланысқа дәнекер болып жүр. Кейінгі жылдары екіжақты қарым-қатынасымыз тың серпін алды: саяси диалог жанданып, өзара сауда көлемі тұрақты өсіп келеді. Сондай-ақ түрлі саладағы экономикалық ынтымақтастық кеңейе түсуде. Қазақстан мен Грузия әлемдік аренада тиімді ықпалдастық орнатып, негізгі халықаралық мәселелер бойынша бір-біріне дәйекті түрде қолдау білдіруде, – деді Президент.

Грузия Премьер-министрі қызметіне жоғары баға бергені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

күйектегі Хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» заң да мақұлданды.

Бұдан басқа, Палата «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық қайта құру және даму банкі арасындағы қарыз туралы келісімді («Экономиканың инклюзивті және орнықты өсуі» даму саясатын қаржыландыруға арналған екінші қарыз) ратификациялау туралы» және «Қазақстан Республикасы мен Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкі арасындағы қарыз туралы келісімді (Инклюзивті және орнықты экономикалық өсу бағдарламасы) ратификациялау туралы» заңдарды қарап, мақұлдады. Аталған заңдарға сәйкес, тартылатын қарыз қаражаты 2026 жылға арналған республикалық бюджет аясында мемлекеттің өзіне алған барлық міндеттемесін толық орындауға мүмкіндік береді.

Топырақты кешенді қорғауға, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімді пайдалануға және елдің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға арналған, депутаттар бастамашы болған «Топырақты қорғау туралы» заң және оған ілесіп «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне топырақты қорғау, жер қатынастары және агроөнеркәсіптік кешен мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң екі оқылымда қаралып, мақұлданды.

Сенаторлар мақұлдаған тағы бір құжат – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне нотариаттық қызмет және заң көмегі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң. Аталған заңға сәйкес, мемлекет кепілдік берген заң көмегінің түрлері кеңейтіліп, адвокаттар мен заң консультанттарына азаматтардың заңды мүдделерін конституциялық іс жүргізу барысында қорғау құқығы беріледі. Бұл азаматтарға Конституциялық іс жүргізу шеңберінде мемлекет кепілдік берген заң көмегін алуға жағдай жасайды. Сонымен бірге Бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйеде нотариустар арасында атқарушылық жазбаларды бөлу автоматты түрде жүзеге асырылады. Бұл шешім атқарушылық жазбаларды рәсімдеу рәсімінің ашықтығын арттырып, нотариустар арасындағы жүктеменің тең бөлінуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ мүдделілік пен сөз байласу фактілерінің алдын алуға бағытталған. Одан бөлек, Республикалық нотариаттық палатаның, аумақтық нотариаттық палаталардың төрағаларының және тәртіптік комиссиялар төрағалары мен мүшелерінің өкілеттік мерзімі төрт жыл болып белгіленді. Олар бұл лауазымға бір рет қана қайта сайлана алады.

ӘДІЛДІК ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕРДЕН БАСТАЛАДЫ

Астанада «Әділет» партиясының қолдауымен Қазақстан мүгедектер конфедерациясы ұйымдастырған XIX «Жан Шуак» қоғамдық сыйлығын табыстау рәсімі өтті. Жиырма жылға жуық уақыт аралығында бұл сыйлық ерен еңбегімен, жетістігімен және өз өнегесімен инклюзия, адамның қадір-қасиетін құрметтеу және тең мүмкіндіктер идеяларын ілгерілетіп жүрген азаматтарды біріктіретін беделді қоғамдық алаңға айналды.

Салтанатты рәсімді ашқан «Әділет» партиясының төрағасы Айбек Дәдебай бүгінде «Жан Шуак» сыйлығы лауреаттардың еңбегін мойындаудың ғана емес, инклюзивті қоғамды дамыту мәселелері жөніндегі қоғамдық диалогтың маңызды алаңы екенін атап өтті.

«Бүгін біз мамандығы да, тағдыры да әртүрлі адамдарға құрмет көрсетіп отырмыз. Сіздерді біріктіретін ортақ қасиет – нәтижеге қол жеткізе білу және өз мақсаттарыңызға адал болу. Сіздер өз еңбектеріңіз бен жауапкершіліктеріңіз арқылы өмірімізді жақсартып келесіздер. Көпшілік сіздерге қарап бой түзейді. Әрқайсыңызға қосқан үлестеріңіз бен өзгелерге көрсетіп жүрген өнегелеріңіз үшін шынайы алғысымды білдіремін», – деді Айбек Дәдебай. Биыл халықаралық спорт жарыстарының жеңімпаздары мен жүлдегерлері, қоғам қайраткерлері, кәсіпкерлер, мәдениет және ақпараттық технологиялар саласының өкілдері марапат иегерлері атанды.

Олардың қатарында 2026 жылғы қысқы Паралимпиада ойындарының чемпионы Ербол Хамитов, 2024 жылғы Паралимпиада ойындарының қола жүлдегері Дастан Мұқашбеков, Future-IT робототехника мектебінің негізін қалаушы Дамир Нұркежанов, IT-маман әрі паралимпиада

спортшысы Айсулу Сүлейменова, музыкант Кенжебек Нұрдолдай және кәсіпкер Динара Құтжолова бар. Ал халықаралық лауреаттар ретінде Гиннестің рекордтар кітабына енген жапон скрипкашысы Манами Ито мен әлемде алғаш болып Эльбрус пен Эверест шыңдарын тек білек күшімен бағындырған ресейлік параальпинист Рустам Набиев марапатталды.

Лауреаттар атынан 2026 жылғы қысқы Паралимпиада ойындарының чемпионы Ербол Хамитов сөз сөйледі.

«Азаматтардың шынайы қолдауы, атсалысуы және бір-біріне деген құрметі адамдардың өз күшіне сенім артып, алға ұмтылуына көмектеседі. Дәл осы әрекеттер қоғамды нығайта түседі», – деді ол.

Осындай бастамалардың маңызына тоқталған Айбек Дәдебай инклюзивті қоғамды дамыту «Әділет» партиясы үшін жана Конституция қағидаттарын іс жүзінде жүзеге асырудың нақты көрінісі екенін атап өтті.

Ол Мемлекет басшысының: «Әділдік қағидаты бас құжаттың өзегіне айналды. Сондықтан жана Ата заңды Әділетті Қазақстанның төлқұжаты десек, қателеспейміз», – деген сөзін еске салып, партия міндеті осы қағидаттарды нақты шешімдер мен қоғамдық бастамалар арқылы дәйекті түрде жүзеге асыру екенін атап өтті.



Партия төрағасы адамның қадір-қасиетін қорғау және тең мүмкіндіктер қалыптастыру мәселелеріне ерекше назар аударды.

«Әділет» партиясы үшін тең мүмкіндіктер қалыптастыру – басты құндылықтардың бірі. Бұл тақырып маған да таныс емес, сондықтан ешкім назардан тыс қалмайтын қоғам құрудың қан-

шалықты маңызды екенін жақсы түсінемін. Бүгінгі лауреаттар өз өнегесімен инклюзия ерекше қажеттілігі бар адамдарды қолдаумен ғана шектелмейтінін дәлелдеп отыр. Бұл – әрбір адамның өз әлеуетін ашуына, қабілетін жүзеге асыруына және қоғам өміріне толыққанды қатысуына жағдай жасау. Әділетті Қазақстан дәл осындай қағидат-

тар негізінде құрылады», – деді Айбек Дәдебай.

Осындай қоғамдық бастамаларға қолдау көрсету әділдік пен тең мүмкіндіктер қағидаттарын ілгерілетуге бағытталған «Әділет» партиясы қызметінің маңызды бағытының бірі болып қала бересі.

Тілек ҚАБЫЛ

АТА ЗАҢ – ЖАҢА КЕЗЕҢНІҢ ЖАРШЫСЫ

Ертең, яғни 1 шілдеден бастап Қазақстан халқы мемлекеттік жүйе мен құқықтық саладағы тарихи реформаның келесі белесін аспақ. Ауқымды жаңалықтың жаршысы – жылдың бел ортасында күшіне енгелі отырған жаңа Конституция. Осы тұста Ата заңның жаңа нұсқасы қоғам өмірінде қалай көрініс тауып, қандай өзгерістерге темірқазық болатынын саралап көрдік.



ІЛКІДЕН ІЛГЕРІГЕ

Негізі, жана Конституцияны халық бірауыздан мақұлдағанын және ол бұған дейінгі саяси реформалардың жүйелі жалғасы болғанын айта кету керек. Алдымен өткенге сал шегініс жасап көрейік. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 2019 жылғы елімізде «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасы қабылданды. Оның ауқымы өте кең болғаны есте, билік жүйесінен бастап, халықтың серпілуіне ықпал еткен ірі идеологиялық тұжырымна саналды. Міне, жана Ата заң сол тұжырымдаманың мызғымас жарғысына айналғанын биыл 4 маусымда Президент мемлекеттік Ту көтеру рәсімінде ерекше атап өткен болатын.

– Бөріңізге белгілі, наурыз айында біз біртұтас қоғам болып жалпұлттық референдумға қатыстық. Азаматтарымыз конституциялық реформаны қолдап, дауыс берді. Осылайша, біз жана Конституциямызды қабылдап, төл тарихымыздың жана парағын аштық. Ата заңда халқымыздың сан ғасырлық арман-тілегі, мақсат-мұраты көрініс тапты. Кең байтақ жеріміздің тұтастығы, еліміздің егемендігі, азаматтардың құқықтары және бостандықтары басты құндылықтар деп жазылды.

Заң мен тәртіпті сақтау, білім мен ғылымды, жана технологияларды дамыту, тазалықты дәріптеу, табиғатты қорғау, волонтерлік қызметті қолдау конституциялық міндет ретінде айқындалды. Түбегейлі жана сипатқа ие болған Ата заңымыз Әділетті Қазақстанның мызғымас жарғысына айналды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жана Конституцияның мән-маңызын Мемлекет басшысы әрдайым айтып жүргенін байқау қиын емес. Өткен аптада ғана «Айбын» XII халықаралық әскери-патриоттық жастар жиынында бас құжаттың қабылдануын ел дамуындағы жана дәуірге қадам ретінде сипаттады.

– Жана Конституция барлық мемлекеттік және қоғамдық институттың жаңғыруына негіз қалады. Мұндай күрделі өзгерістер еліміздің 35 жылдық тарихында да, одан бұрын да болған емес. Яғни Қазақстан сапалы ғылым негізінде өркендеу мен технологиялық өрлеу жолына түсті. Дегенмен қоғам бір мақсатқа жұмылып, ынтымақ-бірлік танытпаса, кез келген, тіпті мұқият сараланған мемлекеттік жоспардың өзі қағаз жүзінде қалады. Туған жерге – Қазақстан Республикасына адал қызмет етуге ұмтылатын білімді, ерік-жігері мол отаншыл жастар елімізді көркейтеді. Негізгі заңның түпкі мәні де осыдан көрінеді: Конституция шын мәнінде барлық парасатты және жасампаз күшті, нағыз патриоттарды еліміздің стратегиялық бағдарының, яғни реформалардың жалпұлттық жоспары мен мақсаттары төңірегіне біріктіретін берік тұжырымна іспеттес. Жана Конституциямыз – барша халықтың, әсіресе өскелең ұрпақтың адамгершілік және құқықтық бағдары, өмір жолындағы темірқазығы. Осы бағыттан айнымасқа, қоғамдағы тұрақтылықты сақтаймыз, азаматтарымыз заң мен ел мүддесіне құрметпен қарайтын лайықты өмірге қол жеткізеді, – деді Президент.

«Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасын сөз етуіміз бекер емес. Кейін сол идеологияның аясында халықтың әл-ауқатын жақсартып, қоршаған ортаны қолайлы етуге бағытталған бірнеше бағдар айқындалды. Мәселен, келешек ұрпақтың өмір сапасын қамтамасыз ететін «Ұлттық қор – балаларға» жобасы мен елді мекендерді абаттандырып, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға іргетас болған «Таза Қазақстан» акциясын айтудың өзі жеткілікті. Бұған қоса, былтыр қарашада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттарын бекіту туралы» Жарлыққа қол қой-

ғаны есте. Құжатта ішкі саясаттың «Заң мен тәртіп», «Халық үніне құлақ асатын мемлекет», «Әртүрлі көзқарас – біртұтас ұлт», «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет», «Адал азамат», «Таза Қазақстан» сияқты қағидаттарды іске асыру жайы ескерілген. Сарапшылардың көбі Жарлықты «қоғам құндылықтарын қалыптастырушы негіз» ретінде бағалады.

ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ СИПАТЫ

Енді жана Конституциядағы іргелі тармақтарға, өзгерістерге ойысайық. Ең басты саяси жаңалықтың бірі ретінде Вице-президент институтының қалыптасуын айтар едік. Бұл лауазым саяси жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында енгізіліп отыр. Яғни Вице-президент мемлекеттік жүйедегі үлкен тіректің бірі болады, Мемлекет басшысының бастамалары жүйелі орындалуына жауапкершілік алады.

Екінші ірі өзгеріс – екіпалатты Парламент өз қызметін тоқтатып, оның орнына жоғары заң шығарушы орган ретінде бірпалатты кәсіби Құрылтай құрылады. Оның құрамына 5 жыл мерзімге сайланатын 145 депутат кірмек. Бұл әрісі терминологиялық түзетулерді де қамтитынын ескерген абзал. Заң нормаларындағы «Парламент» сөзі «Құрылтай» деп, ал «республикалық референдум» термині «жалпыхалықтық референдум» болып түзетіледі.

Үшіншісі, елде жана консультативтік-кеңесші орган – Қазақстан Халық Кеңесі жұмысын бастайды. Оның құрамына 126 адам мүше болмақ; 42 өкіл – этномәдени бірлестіктерден; 42 өкіл – қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдардан; 42 өкіл мәслихаттар мен қоғамдық кеңестерден делегат етіп жіберіледі.

Төртіншісі, азаматтардың құқықтарын қорғау саласында да өзгерістер жетерлік. Мысалы, «Миранда» қағидасы. Құқық қорғау органдары азаматты ұстаған сәтте оған үнсіз қалу, адвокат жалдау, телефонмен қоңырау шалу құқықтарын және қандай бап бойынша ұсталғанын бірден түсіндіруге міндетті болады. Бұған қоса, адвокаттардың мөртебесі конституциялық деңгейде бекітіліп, олар сот процесіне прокурорлармен тең жағдайда қатысу мүмкіндігін алады.

Бесіншіден, жана Конституция мемлекеттік тіл – қазақ тілінің тұғырын одан әрі бекіте түсті. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесі өзгеріссіз сақталып, мемлекеттік ұйымдардағы орыс тілінің қолданылуына қатысты баптағы «тең қолданылады» сөзі «қатар қолданылады» деген ұғымға ауыстырылып, бекітілді. Тілге қатысты жағымды жаналық бұнымен шектелмейді. Біреу білер, біреу білмес, таяуда қаржы және банк саласындағы жаңа ереже жария болды. Нақтырақ айтқанда, «тенге» сөзі «тенге» болып өзгереді. Яғни қай жерде болмасын, ұлттық валютаның атауы ресми құжаттарда мемлекеттік тіл емлесімен «тенге» деп жазылады, бұрынғы «тенге» сөзі толықтай алмастырылады. Бұл ақша реформасын немесе валюта ауыстыру деген сөз емес, жазылу стилі өзгеретінін білдіреді. Бұл өзгерісті де біз саяси әрі қаржы реформаларының аясындағы ауыз толтырып айтар іс ретінде бағалаймыз.

Әрине, біз тізбектеп айтқандарымыз өзгерістердің бір бөлігі ғана, әйтпесе Ата заңда қоғамның қай саласына болса да оң әсерін тигізетін тармақтар жетерлік. Сондықтан алдағы уақытта да бұл тақырыпты кенінен қозғап отырамыз. Сөз соңында, «Ата заң – Алты Алаштың абыройын бекемдесін» дегіміз келеді.

М.ТӨЛЕУ

Дидар ТЕБАЕВ,
Қазақстандық қоғамдық даму институтының
Институционалдық талдау және реформалар
орталығының сарапшысы:

МЕМЛЕКЕТ пен ҚОҒАМ АРАСЫНДАҒЫ ДИАЛОГ



Конституция – еліміздің бүкіл аумағында ең жоғары заңдық күшке ие әрі тікелей қолданылатын негізгі құқықтық акт. Ата заң қоғам мен мемлекеттің аса маңызды жария-құқықтық қатынастарын белгілейді.

Қазақ халқының тарихында конституциялық сипаттағы құқықтық құжаттар аз болмаған. Мәселен, Қазақ хандығы дәуірінде «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті жарғы» секілді заңдар жинағы ел өмірін реттеді. XX ғасырдың басында Барлық Сыртанов әзірлеген «Қазақ елінің Уставы» еңбегінде қазіргі конституциялық қағидаттардың көпшілігі көрініс тапқан. Тәуелсіздік алғаннан кейін елімізде 1993 және 1995 жылдары Конституциялар қабылданды.

Бытыр кыркүйекте Қазақстан халқына Жолдауында Мемлекет басшысы «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» тақырыбында сөз сөйлеп, бірпалатты Парламент құру туралы бастама көтерді. Осы ұсыныстан кейін конституциялық үдеріс басталып, оның нәтижесінде 2026 жылғы 15 наурызда Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданды.

Қазір еліміздің заңнамасын жана Конституция талаптарына сәйкестендіру жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Ең алдымен, бұл конституциялық заңдарға қатысты. Жана Конституцияда бірқатар маңызды жаңашылдықтар қамтылған. Соның ішінде, менің ойымша, ең маңызды өзгерістің бірі – Қазақстан халқының мүддесін білдіретін жоғары консультативтік орган – Қазақстан Халық Кеңесінің құрылуы.

Баршамызға белгілі, Қазақстан Халық Кеңесі мемлекеттің ішкі саясатының негізгі бағыттары, қоғамдық келісімді, жалпұлттық бірлік пен ынтымақты нығайту, Қазақстан Республикасының негізгі қағидаттары мен жалпұлттық құндылықтарды ілгерілету жөнінде ұсыныстар әзірлейді, Құрылтайға заң жобаларын енгізеді, жалпыхалықтық референдум тағайындау туралы бастама көтеруге құқылы.

Меніңше, Қазақстан Халық Кеңесі – қоғам мен мемлекет арасындағы өзара диалогтың жана үлгісін қалыптастыруға мүмкіндік беретін маңызды конституциялық орган.

НАРЫҚ

30 МАУСЫМ 2026 | СЕЙСЕНБІ

«Алдағы айда тоқтың тарифі күрт көтеріледі екен» деген ақпарат тарағалы бұқара мен бизнестен маза кеткен еді. Абырой болғанда, Үкімет бұл райынан қайтып, ел көңілі де орнына түскендей болды. Сонымен бірге инфрақұрылымды жаңартуға бағытталған «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы жалғасады. Алайда жұрттан жиналған қыруар қаржының бір бөлігінің лайықсыз жұмсалуды депутаттар сынына ұшырады. Сондықтан бақылауды барынша күшейту ұсынылып отыр. Ендігі қадам не болмақ?

Айхан ШӘРІП

ТҰҒЫРЛЫ САЛАНЫ
ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ЖАНА ТӘСІЛІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы 5 қаңтарда, Turkistan газетіне берген сұхбатында энергетикалық және коммуналдық сектордағы реформаға жеке тоқталған болатын.

— Шынымен де, Үкімет энергетикалық және коммуналдық нысандарды жаппай жаңғырту жұмыстарын қолға алды. Ұзындығы жүздеген шақырым болатын инженерлік желілер мен электр қуатын тарататын желілер салуымыз керек. Қазірдің өзінде қауіпті «қызыл» аймақта тұрған жылу электр стансаларының саны 19-дан 10-ға дейін азайды. Қабылданған шаралардың нәтижесі көріне бастады. Нысандардың апаттық жағдайға тап болу қаупі сейіліп келеді, — деді Президент.

Әйткенмен, оның айтуынша, «әбден тозып, әуіріммен әрен тұрған инфрақұрылымды қалпына келтіру жеткіліксіз», жұмыс тәсілін өзгерту керек. Ендеше жаңғырту шаралары ең басты міндетті шешуге, яғни салаға инвестиция салу үшін қолайлы жағдай жасап, нағыз нарықтық тетіктер қалыптастыруға бағытталуы керек. Энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы кез келген мемлекеттің өмір сүруіне аса қажетті тұғыр. Қазақстан лидері «бұл негіз шайқалса, басқасы түгел күйрейтінін» ескертті.

— Тамыры тереңге кеткен экономикалық мәселелерге ондаған жылдар бойы назар аударылған жоқ. Қалалар мен ауылдардағы инфрақұрылым тозды, энергетика нысандары мен коммуналдық желілер әбден ескірді. Қордаланған түйткілдер күрмеуі қиын күрделі мәселеге ұласты. Бұл сала жыртқы-тесігін жанталаса жамап-жаскап, бюджет қаржысын үздіксіз құюға тура келетін «коммуналдық аждаһаға» айналды. Азаматтар шарасыз күйге түсті, — деді Қ.Тоқаев.

Ол «тарифтің төмен болуы қарапайым тірлік кешіп жатқан адамдарға пайдалы деген жалған сенімнен арылатын уақыт жеткенін» қадап айтты. Мемлекет басшысы Үкіметке «әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру үшін ең алдымен, мәселені шешу жолдарын өзгертуді» жүктеді. Мемлекет көмекке шын мұқтаж адамдарға ғана тікелей, атауды өтемақы төлеу арқылы қолдау көрсетуге міндетті. Ал өзгелер үшін тарифтерді көтеру — ақылға қонамды, яғни тиімді және әділ экономика құру үшін аса қажет қадам екенін нықтады.

Осы орайда «Ашық НКА» порталында 2026 жылдың I шілдесінен бастап электр энергиясына жаңа тарифтер енгізуді көздейтін бұйрықтың жобасы жарияланған болатын. Бұл бастама қоғам мен кәсіпкерліктің наразылығын тудырды. Бірақ кейін Үкімет бұл шешімді қайта қарап, баға өсімін уақытша тоқтатуды ұйғарыпты. Бұл туралы кеше Энергетика министрі Ерлан Ақкенженов мәлімдеді.

Елдің бас энергетигінің хабарлауынша, Үкімет 2026 жылғы I шілдеден бастап

ТАРИФТЕН БҰРЫН
ТӘРТІП ҚЫМБАТ

Коллаж ЖИ

электр энергиясының тарифтерін көтермеу туралы шешім қабылданды. Министр бұл шешімді Үкіметтің бекітіп қойғанын, сол себепті таяу уақытта тұтынушылар үшін электр энергиясының құны өзгермейтінін жеткізді. Тиісінше, шілде айында Қазақстанда электр қуатының тарифтері қолданыстағы деңгейде қалады. Олай болса, табиғи монополистер қараша жұрттың қалтасын қақпай, қазандықтың отын сенімді маздатудың өзге жолдарын қарастыруға тиіс.

ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ
КАРҚЫН АЛДЫ

Тарифтің өсуі уақытша бөгелгенімен, жылу-жарық алпауыттары қаражатсыз қалмайды. Энергетика саласын кешенді жаңғыртып, оның тұрақты дамуын қамтамасыз етуге арналған «Тарифті инвестицияға айырбастау» жаңартылған бағдарламасы іске асырылып жатыр.

«Жаңартылған тәсілдің басты жаңалығы — инвестицияларды қайтарудың жылдық лимитін 32 млрд-тан 428 млрд теңгеге дейін көтеру және электр қуатын қолдауға арналған қызметтің шекті тарифін арттыру. Бұл жеке капитал тартуды және ауқымды техникалық қайта жарақтандыруды ынталандырады. Бағдарлама аясында едәуір қаражат жұмылдырып, елдегі электр стансаларында жөндеу және калпына келтіру жұмыстарын дер кезінде орындауға қол жеткізілді», — деп түсіндірді Энергетика министрі.

Өткен жылу беру маусымы ірі әрі қауіпті апатсыз аяқталғаны алға тартылды. Электр стансаларындағы технологиялық

тәртіпбұзушылықтар саны 2025 жылға қарағанда 13%-ға, яғни 3 140-қа дейін азайды. «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы аясында 2026 жылы электр стансаларын жөндеу және жаңғырту жұмыстарына шамамен 384 млрд теңге бөлінеді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 9%-ға көп.

Бұл бағдарлама сыртында «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы қарқынды жүзеге асырылып жатыр. Оның аясында 2025 жылы 17 мың шақырым электр беру желілеріне және 420 қосалқы стансаға күрделі жөндеу жүргізілді. Бұл желілердің тозу деңгейін 66%-ға дейін төмендетті.

Биыл да 17 мың шақырым электр желілері жөндеумен қамтылмақ. Оған қоса, 444 қосалқы стансаны, сондай-ақ 3,4 мың тарату пункті мен трансформаторлық қосалқы стансаларды жөндеу көзделген. Үкіметтің дерегінше, бұл шаралар желілердің орташа тозу деңгейін 62%-ға дейін азайтуға, электрмен жабдықтау сенімділігін арттыруға және энергетикалық жүйенің тұрақтылығын күшейтуге мүмкіндік береді екен.

«Қыстың қамын жаз ойла» деген даналықты ұстанып, мемлекет келесі 2026-2027 жылдардағы жылыту маусымына энергетикалық кешен мен инфрақұрылымды дайындауға қазірден кірісіп те кетті. Бұл туралы Энергетика министрінің Мемлекеттік энергетикалық бақылау және қадағалау комитеті хабарлады. «Біздің алдымыздағы басты міндет — алдағы күзгі-қысқы кезеңде халықты жылумен және электр энергиясымен тұрақты қамтамасыз ету. Ол үшін барлық жөндеу жұмысы сапалы, толық көлемде және

белгіленген мерзімде орындалуға тиіс. Әрбір кәсіпорын басшысы нәтижеге жеке жауапты болады», — деді комитет төрағасы Ержан Ертаев.

Оның айтуынша, барлық өңірде ауқымды жөндеу науқаны бекітілген кестелерге сәйкес жүргізіліп жатыр. Электр стансаларында негізгі жабдыктардың 16 бірлігі — 2 энергоблок, 10

жаңарту және жаңғырту жүргізіліп жатқанын баяндады.

«Олардың бәрін бір мезгілде және толық ауыстыру мүмкін емес. Себебі жөндеу үшін ірі генерациялау қуаттарын уақытша болса да істен шығару елдегі электр мен жылу энергиясының тапшылығына әкел соғады. Осыған байланысты энергиямен жабдықтаудың сенімділігін қамтамасыз етуге және өсіп келе жатқан сұранысты өтеуге бағытталған жөндеу науқанын жүргізу, қолданыстағы қуаттарды жаңғырту, сондай-ақ жаңа электр стансаларын салу жобаларын іске асыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр», — деді Н.Нәлібаев.

Оның мәліметі бойынша, 2025 жылы электр стансаларын жөндеу шығындары 20%-ға ұлғайып, 411 млрд теңгеге жетті. Қабылданған шаралар генерацияны 17 273 МВт-қа дейін арттыруға мүмкіндік берді. Соның нәтижесінде 9 электр стансасы қызыл аймақтан сарыға, 3 станса — сарыдан жасыл аймаққа өтті.

— Ал «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасын іске асыру шеңберінде 2023-2025 жылдары генерация секторына, күрделі жөндеу жұмыстарына шамамен 902 миллиард теңге инвестиция тартылды. Осы бағдарлама жобаларын қаржыландыру тек электр қуаты нарығының қолданыстағы тетіктерін алынған қаражат есебінен жүзеге асырылады және республикалық бюджеттен қаражат бөлулі қарастырмайды, — деп сендірді Нұрлыбек Нәлібаев.

Оның түсіндіруінше, табиғи монополиялар субъектілерінің (ТМС) инвест-жобаларының орындалуын бақылау уәкілетті орган бекіткен инвестициялық бағдарламалар мен тарифтік сметалардың іске асырылуын талдау арқылы жүзеге асырылады. Сала алпауыттары жыл сайын, I мамырдан кешіктірмей, Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне бекітілген тарифтік смета мен инвестициялық бағдарламаның атқарылуы туралы есептерін ұсынуға міндетті. Антимонополиялық орган бұл есептердегі іс-шаралардың толықтығын, шынайлығын, мерзімділігін орындауын, сондай-ақ қаражаттың тиімділігі мен мақсатты пайдаланылуын жан-жақты талдайды.

Үкімет басшысының бірінші орынбасарының дерегінше, заң талаптары бұзылған жағдайда, уәкілетті орган ТМС-қа қатысты ықпал ету шараларын қолдануға — әкімшілік жауапкершілікке тартуға құқылы. 2026 жылдың I тоқсанының қорытындысы бойынша, агенттік 58 тексеру жүргізіп, 20 заңбұзушылықты анықтады. Табиғи монополистерге міндеттерін бұзғаны үшін 25 әкімшілік іс қозғап, 63,7 млн теңгеден астам айыппұл салды.

Қорыта айтқанда, энергетикалық дағдарысты еңсеру үшін нарықтық тарифтерге көшу қажет дегенімен, мемлекет халықтың әлеуметтік жағдайын ескере отырып, бұл қадамды уақытша тоқтатуды жөн көрді. Алайда бұл үзіліс жылу-жарық алпауыттарының бағдарлама аясындағы жауапкершілігін жеңілдетпеуге, қайта арттыруға тиіс.

Тұтанушы мен монополист арасындағы әділдікті орнату үшін уәкілетті органдар тарапынан инвест-жобалардың мақсатты орындалуын жіті қадағалау аса маңызды. Бұл Әділетті Қазақстанды құруды және Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін нығайтудың бір шарты. Президент айтқандай, Қазақстанның энергетикалық кешенін үздіксіз қаржы тілейтін «коммуналдық аждаһадан» мемлекеттің мығым ұстынына айналдыру — бүгінгі күннің басты сын-тегеуріні болып тұр.

МИЛЛИАРДАҒАН ДОЛЛАР ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТТЫ



Абай облысының әкімі Берік Уәли бастаған делегация Қытай Халық Республикасына жұмыс сапарымен барып қайтты. Сапар аясында делегация Қытайдың жетекші өнеркәсіптік және инвестициялық орталықтарын аралап, ірі компаниялар мен бизнес қауымдас-тықтарының өкілдерімен бірқатар маңызды кездесу өткізді. Келіс-сөздер барысында өңіраралық экономикалық ынтымақтастықты кеңейту, жаңа өндірістер ашу, инвестициялық жобаларды іске асыру мәселелері талқыланды. Жұмыс сапарының қорытындысы бойынша, жалпы құны 4 млрд АҚШ долларын құрайтын өзара ын-тымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды. Бұл — Абай облысына тартылған ең ірі инвестициялық келісімдердің бірі.

Қытайлық кәсіпкерлер көлік және логистика, тау-кен өнеркәсібі, құрылыс индустриясы, энергетика, өндіріс және инфрақұрылым салаларында бірқатар ауқымды жобаны жүзеге асыруға ниетті екендіктерін жеткізді. Осы бағыттар

бойынша нақты келісімдер жасалып, алдағы уақытта ірі компаниялардың өкілдері Абай өңірінде жобаларды іске асыру жұмыстарын бастайды.

Кездесулер барысында облыс әкімі Берік Уәли әрбір инвестормен жеке

жүздесіп, ұсынылған жобаларды жан-жақты талқылады. Ол инвесторларға Қазақстандағы инвестициялық ахуал, мемлекет тарапынан ұсынылатын жеңілдіктер мен қолдау тетіктері туралы кеңінен ақпарат берді. Сонымен қатар өңірдің географиялық орналасуы, табиғи ресурстары, көлік дәліздері мен өндірістік әлеуеті туралы мәлімет ұсынып, Абай облысының инвестициялық мүмкіндіктеріне тоқталды.

«Біз шетелдік инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасауға және өзара тиімді әріптестік орнатуға ерекше мән береміз. Өйткені инвестиция тарту — Мемлекет басшысының тікелей бақылауында тұрған маңызды бағыттың бірі», — деді облыс әкімі Берік Уәли.

Инвестиция салуға ниет білдірген компаниялардың қатарында әлемдік нарықта өз орны бар ірі холдингтер де бар. Соның бірі — Lachen Group. Тау-кен өнеркәсібі саласында жұмыс істейтін бұл компания Абай облысына 1 млрд доллар көлемінде инвестиция салуға келісім берді. Жоба аясында Мақаншы ауданында алюминий өнімдерін өндіретін зауыт бой көтерді. Сонымен қатар компания өндіріс іске қосылғаннан кейін 2 мыңға жуық жаңа жұмыс орнын ашуды жоспарлап отыр. Бұл жоба өңірдің өнеркәсіптік әлеуетін арттырып қана қоймай, халықты тұрақты жұмыспен қамтуға және жергілікті экономиканың дамуына айтарлықтай серпін береді.

Сапар барысында өңірдің инфрақұрылымдық дамуына инвестиция салуға

қызығушылық танытқан тағы бір ірі компаниямен келісімге қол жеткізілді. Әлемнің 30-дан астам елінде өз жобаларын табысты жүзеге асырған DDS Group компаниясы Бакты ауылында ауқымды өнеркәсіптік парк салуды жоспарлап отыр. Жалпы аумағы 3 мың гектарды құрайтын өндірістік аймақтың құрылысы биыл басталады. Құны 1,5 млрд долларға бағаланған жоба Қазақстан мен Қытай арасындағы шекаралық сауда-экономикалық байланысты дамытуға және жаңа өндірістерді орналастыруға мүмкіндік береді. Кездесу қорытындысында облыс әкімі Берік Уәли мен компания жетекшісі Хуа Дунъи өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Қытайлық кәсіпкерлермен жұмысты жүйелі түрде жалғастыру және олардың өңірге деген сенімін арттыру мақсатында Үрімжі қаласында «Семей» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының кеңсесі ресми ашылды. Бұл кенсе Абай облысы мен Қытай арасындағы экономикалық байланысты нығайтуға, әлеуетті инвесторларға өңірдің инвестициялық мүмкіндіктері туралы ақпарат беруге және Қазақстан заңнамасына қатысты кеңес ұсынуға бағытталған. Сондай-ақ екі елдің бизнес өкілдері арасындағы тұрақты байланыс алаңына айналды.

Делегацияның жұмыс сапары бұдан әрі Ішкі Моңғолия автономиялық өлкесінің Ордос қаласында жалғасты. Мұнда сапардың маңызды нәтижесінің бірі ретінде Inner Mongolia Wanjiang Invest компаниясымен

ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Құжатқа сәйкес, Абай облысында жылына 300 мың тонна алюминий өнімін өндіретін заманауи зауыт салынып, жалпы қуаты 1 ГВт болатын жел электр стансалары іске қосылады. Осы екі жобаның жалпы инвестициялық құны 1,5 млрд долларды құрайды.

Бұл бастамалар өңірдің өнеркәсіптік әлеуетін күшейтіп қана қоймай, жаңартылатын энергия көздерін дамытуға, өндірісті әртарапандыруға және жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар жобалар Абай облысының экспорттық әлеуетін арттырып, өңір экономикасының ұзақмерзімді дамуына оң әсер етеді.

Ордос қаласындағы сапар барысында Берік Уәли бірқатар заманауи өндіріс орнының жұмысымен танысып, кәсіп-орындардың өндірістік қуаты мен технологиялық мүмкіндіктерін көрді. Кездесулер барысында өнеркәсіптік кооперацияны дамыту, жоғары технологияларды енгізу, тәжірибе алмасу және инвестициялық ынтымақтастықты одан әрі кеңейту мәселелері кенінен талқыланды.

Жалпы алғанда, әкімнің Қытайға жасалған жұмыс сапары Абай облысының инвестициялық тартымдылығын халықаралық деңгейде танытып, өңірге жаңа капитал тартуға, өндірісті дамытуға және ұзақмерзімді экономикалық өсіміннің негізін қалауға бағытталған маңызды қадам болды.

Омар ҰЛАРБЕКҰЛЫ

ҚОҒАМ

30 МАУСЫМ 2026 | СЕЙСЕНБІ



Коллаж: ЖИ

Басы ауырып, балтыры сыздамайтын адам жоқ. Тек сондайда төн сырқатыңды лезде емдеп беретін емхана-ауруханалар жұмысы мінсіз болса дейсің. Алайда саланың өттеген-айы көп. Ал мамандар сол мәселенің түбін Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына апарып тірейді. Олай болатын жөні де бар. Құрылғалы бері талай сынға ұшыраса да қызметін алаңсыз жүргізіп келеді. Әлбетте, халық денсаулығын ойлағанда қалтқысыз қызметті қамтамасыз етіп тұратын жүйенің болғаны да дұрыс. Бірақ сол жүйенің өзі елге қолайлы болса, сөз бар ма?! Бір жылда халықтан 1,3 трлн теңгені міндеттеп жинап алатын қор ендігі халыққа да ың-шыңсыз қызмет қылуы керек еді. Алайда жыл сайын мың-мыңдап саналатын арыз-шағым жағдайға басқаша қарауға сілтейді.

КВОТАҒА ЖАРЫМАЙТЫН ҚОР

емдетуге өз қалтасынан қаражат шығаруға мәжбүр. Бұл келеңсіз жағдай қалай қалыптасып отыр?

МЕДИЦИНА МЕКЕМЕЛЕРІ ҚАРЫЗҒА БАТҚАН

Мәселен, ел азаматтары заңмен міндеттелген дағдымен ай сайын міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналарын тұрақты төлеп келеді. Соған сай жүйеден қолжетімді медицина күтеді. Ақысын уақытымен төлеп тұрған соң керекті қызметті талап ету заңды құбылыс. Бірақ бұрыннан қалыптасқан жағдайдың өзгерген түрі жоқ, ұзын-сонар кезек сол қалпы. Оған шыдамасаңыз, ақылы медицина «мәрһабат» деп алдыңыздан шығады.

Ол келеңсіз жайт неден шығады? Себебі квота таусылған, тексерілейін десеңіз, дәрігерге жазылу бір айға дейін созылып кетеді. Мұндайда айлап күткісі келмеген адам шұғыл көмек үшін қалтасынан төлеп қаралуға мәжбүр болады.

Осындай ойды медицина саласының маманы Сәдуақас Байғабыловтың пікірі қаттай түседі. Оның сөзіне, ең сорақысы – дәрігерлер де, қажетті медициналық

құрал-жабдықтар да көп жағдайда бар. Бірақ МӘМС қоры басшысы Гүлмира Сәбденбек бекіткен «лимит» таусылып қала береді. Ал ауруханаларға қор белгілеген қаржыландыру көлемінен артық науқастарды тегін қабылдауға рұқсат берілмейді.

Сайып келгенде, парадоксқа тап боламыз. Жұмыс істеп тұрған жүйе бар, оған ақша тұрақты жиналып жатыр. Бірақ медициналық көмек дәл қажет сәтінде қолжетімсіз. Оның үстіне, осы күні мемлекеттік емханалар мен ауруханалардың біразы қаржылық тұзаққа қамалған, шетінен қыруар қарызға батып қалған.

Бұл неден туындайды? Сарапшының пікірінше, ӘМСК тарифтері көптен бері нақты шығындарды өтемейтін болған. Есесіне дәрі-дәрмек қымбаттап жатыр, құрал-жабдықтар тозып барады, оған қоса, коммуналдық және кадрлық шығындар өсіп кетті. Ақырында ауруханалар адамдарды өз шығынына емдеп, қарыздарын үсті-үстіне көбейтіп алған. Бүгінде елдегі медицина мекемелерінің берешегі 140 млрд теңгеден асқанын айтады.

Демек, осы қарыздың бәрі айналып келіп халықтың қалтасынан шығады. Біріншіден, халық алдымен МӘМС-ке

міндетті жарна аударады, кейін ақылы түрдегі қабылдау, талдау және тексерулер үшін екінші рет шығындалады. Осыларды қорыта келгенде, орынды сұрақ туындайды: жұрт қолжетімді медицинаны сезінбесе, әлгі 1,3 трлн теңге қайда кетті?

Оған жауап іздеудің орнына қор ел азаматтарына қатаң ескерту жариялайды. Айталық, ондағы «сақтандырылған» деген мәртебе тек соңғы 12 ай ішінде төлемдерін үзбей жасап отырғандарға ғана беріледі. Ал арасын үзіп алғандарға мұндай мәртебе уақытша тоқтатылады. Сөйтіп, ол адам жүйеден шығып, тегін медицинадан айырылады. Жұртқа ақша төлетуге келгенде құзырлы органдар мұқият қарайды. Жарналар мен аударымдарды төлеу мерзімі бұзылса, онда өсімпұл, тіпті салықтық органдары әкімшілік шара қолданады.

3,5 МЛРД ҚАЙДАН ЖҮР?

Қолжетімді медицина демекші, арыз-шағымның көп екенін жоғарыда айттық. Ресми дерек бойынша, былтыр қор жүйесіне барлығы 23 022 шағым түскен.

Әңгіме клиникалық фармакология жайында болып отыр. Соңғы үш жылда стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың небәрі 34,1%-ында ғана тиісті бөлімшелер құрылған.

Сәдуақас Байғабыловтың сөзінше, «клиникалық фармакология» деп отырғанымыз кванттық компьютер сияқты түсінуге қиын дүние емес. Қарапайым тілге салсақ, дәрілік препараттарды тағайындауға жүргізілетін кәсіби бақылау. Мәселен, науқасқа екі препарат жеткілікті болған жағдайда бес рет тағайындап жібермес үшін немесе антибиотиктерді «сақтық үшін» деп жаза бермей, нақты қажет көлемін ғана тағайындау үшін керек.

Соны ауруханалардың үштен біріне енгізудің арқасында 3,5 млрд теңге артық жұмсалып жатқанын анықтаған болса, қалған 66%-ында қанша шығын кетіп жатқанын кім біледі? Тіпті маманның айтуынша, ең бастысы 3,5 млрд емес. Қиындықтың бәрі қаржының жетіспеуінен емес, жұмыстың тиімсіз ұйымдастырылуынан болғанын министрліктің өзі мойындап отыр деген сөз.

ДАУЛЫ ІСТЕРДЕН МӘМС-ТІҢ ІРГЕСІ АУЛАҚ

МӘМС қоры медициналық көмекті жарытпауы былай тұрсын, саладағы даудамайдан да сығылғын шығудың шебері. Жұырда Қарағанды облысы прокуратурасы таратқан мына мәліметке қарайық. Тексеру барысында әйелдерден жүктілікті жасанды түрде ұзу, яғни аборт отасы үшін жеке клиникалардың негізсіз ақша алғаны анықталған. Аборт – айтқанымыз келмейтін мәселе болғанымен, сөз төркіні басқада. Заң бойынша мұндай қызметтер міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында тегін көрсетілуі керек. Осындай жолмен медицина мекемелері жүйеден бір, пациенттен екінші рет ақы алып келген. Соңғы 3 жыл ішінде осындай 775 жағдай белгілі болып, олардың жалпы құны 22 млн теңгені құраған.

Бұдан бөлек, қазір түрлі ақпарат көзінде жазылып жатқан Абай және Қызылорда облыстарындағы жайттар да ерекше мысал бола алады. Онда зерхана жұмысымен айналысатын жекеменшік клиникалар мемлекеттік клиникаларға көрсеткен қызметі үшін сотқа тартылып жақаны айтылады.

Әлбетте, қандай жағдай болса да анық-қанығы сотта анықталады. Тек сол шығынның бәрін төлеп отырған МӘМС қоры осы дүрмектің арасында неге көрінбейді? Сол түсініксіз.

А Ербол ТҰРЫМБЕТ

Әңгіме болып отырған Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының былтыр елден әлгіндей қаражат жинап алғаны – ресми мәлімет. Соған қарамастан, қазақстандықтәр бәрібір денсаулығына қатысты талдау мен тексерулерге және солардан анықталатын түрлі ауруын

90-жылдары отбасы үшін ала дорба арқаалаған ана сол дәуірдің бейнесі болып қалды ма деуші едік. Бірақ жуырда Алматы көшелерінде сәбиін құшағына қысып, тапсырыс жеткізіп жүрген жас ана әйел заңының жанкештілігін қоғамға тағы бір дәлелдеді. Замандасмыздың осы бір күйбең тіршілігінің көрінісін жұртшылық әлеуметтік қолдау жүйесіндегі түйткілдердің бірі деп қабылдап, қызу талқылаған еді. Қоғам қандай уәж айтса да, Енбекминнің айтар аргументі жеткілікті болды. Аскарбек Ертаевтың сөзінше, бұл оқиғаны тек бір отбасының әлеуметтік ахуалымен байланыстыру жеткіліксіз.

«Біз бұл отбасының жағдайын мұқият зерттедік. Олар 19 мамыр күні Алматы қаласына келіп, өз күштерімен өмірін жолға қоюға талпынып жатыр. Әйелдің курьер болып тіркелгені рас. Бірақ жұбайының ауыр науқас екендігі жөніндегі ақпарат расталмады. Оның ақпараттық технологиялар саласында жоғары білімі бар, сондай-ақ екі миллион теңге көлемінде автосенесі бар екені белгілі болды. Отбасының жасын туыстарының да тұрақты кәсібі бар, сондықтан олардың материалдық жағдайын тым ауыр деп бағалау дұрыс болмайды», – деді Аскарбек Ертаев.

Оның пікірінше, мәселенің екінші қыры – платформалық жұмыспен қамту жүйесінің қауіпсіздігі мен жауапкершілігіне қатысты сұрақтар.

«Бұл жағдай біз үшін жана мәселелерді көтерді. Әйел жұмысқа орналасу кезінде қандай нұсқаулықтан өтті, оған еңбек қауіпсіздігі талаптары қалай түсіндірілді, сәбиімен бірге жұмыс істеуіне қандай жағдайда рұқсат берілді деген сұрақтарға жауап іздеуіміз керек», – деді министр.

Алайда қоғамдағы талқылау тек отбасының материалдық жағдайымен шектелген жоқ. Сенат депутаты Сергей Карплюк бұл мәселеде ең алдымен адамдық ұстаным алдыңғы қатарға шығуы қажет екенін айтты. Оның пікірінше, отбасының әл-ауқаты қандай деңгейде болса да, ана мен балаға қатысты жағдайларға барынша сезімтал қарау маңызды.

«Егер мәселе ана мен балаға қатысты болса, оны табыс деңгейімен немесе отбасының жағдайымен өлшеуге болмайды. Мұндай мәселелерді нақты қарап, жан-жақты зерделеу қажет. Ең бастысы – адамдық тұрғыдан қарап, қолдан келгенше көмек көрсетуге ұмтылу. Өйткені ана мен балаға қатысты тақырып ешқашан қоғам назарынан тыс қалмауға тиіс», – деді Сергей Карплюк.

ТАБЫС ПЕН ЖӘРДЕМАҚЫ АРАСЫНДАҒЫ ТАҢДАУ

Бұл түйткіл екінші бір тақырыпты қаузап өтуге сеп болды. Себебі желі қолданушылары жаппай әлеуметтік төлемдерге қатысты заңнамалық мәселелерге қайта назар аудары бастады. Мәселен, егер ата-ана декреттік

АЛА ДОРБАНЫ АЛМАСТЫРҒАН «САРЫ СӨМКЕ»

Қазақстанда жүздеген мың әйел декреттік демалыста отырып, бала тәрбиесімен бірге тұрмыс қамытын қатар арқалап жүр. Еңбек министрлігінің дерегіне, бүгінде 600 мың әйел бұрынғы жалақысының 40 пайызы көлемінде әлеуметтік төлем алады, ал 135 мың жұмыс істемейтін аналар санатына жатады. Сонымен бірге платформалық жұмыспен қамту саласында 300 мыңға жуық әйел еңбек етеді. Алайда олардың қаншасы декретте отырып қосымша табыс тауып жүргені әзірге нақты белгісіз.


А Кәмила ДҮЙСЕН

төлем алып жүріп жұмысқа шықса немесе тұрақты табыс таба бастаса, бұл туралы мемлекетке өзі хабарлауы керек. Мұндай талап Әлеуметтік кодексте 2023 жылы енгізілген.

Бұған дейін көптеген әйел декретте отырып қосымша жұмыс істеп, жәрдемақысын қатар алып келген. Кейбірі заңның өзгергенін білмей, бұрынғыдай жұмысын жалғастырған. Бірақ қазір ереже басқа. Егер ана жұмыс істей бастағанын уақытында хабарламаса, жәрдемақы төлене береді. Алайда кейін бұл анықталса, мемлекет артық төленген ақшаны кері қайтаруды талап етуі мүмкін. Сондықтан болар жас аналар көп жағдайда бірі курьер болып қызмет етуге мәжбүр болса, енді бірі өз асханасында жартылай фабрикалар дайындап табыс табуы кездейсі.

Дегенмен Finprom сарапшылары бұл салада еңбек етіп, қаржыға қарқ боламын деу қате екенін айтады. Себебі мамандар жүргізген талдау әлеуметтік желілер мен жұмыс іздеу сайттарында айтылып жүрген курьерлердің 1,5 миллион теңге табысы көбіне жарнамалық сипатқа ие екенін көрсетті. Сарапшылардың айтуынша, мұндай табысқа ұзақ ауысыммен жұмыс істеп, күніне өте көп тапсырыс орындайтын қызметкерлер ғана қол жеткізуі мүмкін.

— Хабарландыруларда көрсетілетін ең жоғары табысты барлық курьердің тұрақты жалақысы ретінде қабылдауға болмайды. Көрсетілген сомаларға салық, әлеуметтік



аударымдар мен көлік шығындары кірмейді. Сондықтан нақты қолға тиетін табыс әлдеқайда төмен болады, – дейді Finprom сарапшылары.

Портал деректеріне сәйкес, Алматы мен Астанада курьерлердің орташа табысы шамамен 300 мың теңгені құрайды, ал ең белсенді қызметкерлер 450-500 мың теңгеге дейін табыс табуы мүмкін. Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, 2026 жылдың алғашқы жартылай фабрикалар дайындап табыс табуы мүмкін. Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, 2026 жылдың алғашқы жартылай фабрикалар дайындап табыс табуы мүмкін. Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, 2026 жылдың алғашқы жартылай фабрикалар дайындап табыс табуы мүмкін.

ДЕКРЕТ «ДЕМАЛЫС» ЕМЕС

Қазіргі қоғамда декреттік демалысты аналардың бала тәрбиесіне алаңсыз көңіл бөлетін кезеңі ретінде қабылдайды. Алайда шын мәнінде көптеген отбасы үшін бұл

уақыт қаржылық қиындықтармен, қосымша табыс іздеумен және күнделікті тұрмыстың қамымен қатар жүреді. Бүгінде декреттегі аналардың басым бөлігі бала тәрбиесімен бірге отбасының материалдық жағдайын жақсартудың жолдарын қарастыруға мәжбүр.

Қазақстанда заң бойынша бала күтіміне байланысты демалысты тек ана ғана емес, әке де рәсімдей алады. Алайда бұл құқықты пайдаланатын ер-азаматтардың саны өте аз. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметіне сәйкес, 2026 жылдың алғашқы бес айында бір жарым жасқа дейінгі бала күтіміне арналған әлеуметтік төлемді 431 мыңнан астам адам алған. Оның 99,8 пайызын әйелдер құраса, ер адамдардың үлесі небәрі 0,2 пайыз болған. Осы кезеңде бала күтімі бойынша төлем 134 әкеге ғана тағайындалған.

Бұл статистиканың артында мыңдаған ананың өмірлік тәжірибесі жатыр. Солардың бірі – үш баланың анасы Айнұр (аты өзгертілді). Қазір ол үш жағдайында жартылай фабрикалар дайындап, сатып, отбасының табысына үлес қосып отыр. Оның айтуынша, бұл – өз қалауынан туған кәсіп емес, тұрмыстық жағдайға байланысты мәжбүрлі шешім.

— Үш балама ай сайын алатын жәрдемақы шамамен 33 мың теңге ғана. Қазіргі бағамен бұл ақшаға көп нәрсе ала алмайсың. Бір ғана сапасы орташа жөрегіңнің өзі 7-8 мың теңге тұрады, айына кем дегенде екі қаптамаламыз. Одан бөлек, балалардың тамағы, киімі, күнделікті қажеттіліктері бар. Кейде айдың соңына қарай тиынды санап отыратын кездер болады. Сондықтан қол қусырып үйде отыруға мүмкіндік жоқ, – дейді көпбалалы ана.

Айнұрдың айтуынша, ресми жұмысқа шығу мәселесін де бірнеше рет ойластырған. Бірақ мұндай шешімнің өз қиындығы бар. Себебі жұмысқа орналасқан жағдайда бала күтіміне байланысты төленетін әлеуметтік төлем тоқтатылады.

— Ресми жұмысқа шықсам, жәрдемақыдан қағыламын. Ал оның орнын бірден толықтыратын тұрақты табысқа келіптік жоқ. Оның үстіне кішкентай балаларды қарайтын алаң табу да оңай емес. Сондықтан үйден шықпай-ақ табыс табудың жолын іздеуге тура келді. Қазір тұшпара, мөңгі, қотлет сияқты жартылай фабрикалар жасап сатамын. Кейде тапсырыс көп болады, кейде азаяды, бірақ бәрібір отбасы бюджетіне аз да болса көмек, – дейді ол.

Айнұрдың жағдайы еліміздегі көптеген анаға таныс. Бірі тәтті пісіріп сатады, бірі тігін тігеді, енді бірі онлайн қызмет көрсетеді. Декреттік демалыс көптеген әйел үшін тынығу емес, қайта қосымша еңбек ететін кезеңге айналып отыр.

— Жолдасымын жұмысы маусымдық болғандықтан, табысы бір ай бар, бір ай жоқ дегендей. Сондай кезде шығынды барынша қысқартамыз. Балаларды дамытуға, қосымша білім беруге мүмкіндік болмай қалады. Кішкентайымды массажаға апарғым келеді, бірақ оның өзі қолмақ қаражат талап етеді. Үлкен балаларымды үйірмелерге, тіл курстарына немесе спорт секцияларына беруді де өзгерте келіпте қалдырып жүрміз. Ана ретінде әр баланың қабілетін дамытуға жағдай жасағым келеді, бірақ оған қаржы жағы қолбайлау болып отыр, – дейді Айнұр.

Оның пікірінше, қазір декреттегі көптеген ана дәл осындай жағдайда өмір сүріп жатыр. — Балаларымды ештеңенен тартыпаса екен деп еңбек етеміз. Аналар үшін декрет – демалыс емес, жауапкершілігі еселенген кезең. Баланы күтімімен қатар, отбасының қаржылық жағдайын да ойлауға тура келеді. Сондықтан көпшілігіміз қосымша жұмыс істеуге мәжбүрміз. Ең бастысы – балаларымыздың болашағы үшін еңбектенуден шаршамалымыз, – дейді ол.

Сарапшылардың айтуынша, бала күтіміне байланысты демалысты әкелердің сирек рәсімдеуіне тек дәстүрлі өзектас емес, экономикалық себептер де әсер етеді. Көптеген отбасында негізгі табыс көзі ер адамның еңбекқасқысы болғандықтан, оның жұмыстан уақытша қол үзіуі қаржылық қиындықтарға әкелуі мүмкін. Сондықтан бала күтімі көбіне аналардың мойнына жүктеледі.

30 МАУСЫМ 2026 | СЕЙСЕНБІ

Алматы облысында дархан даланың дәстүрін дәріптеген «Қымызмұрындық – 2026» мәдени-көпшілік және спорттық фестивалі мәресіне жетті. Кеген өлкесін ән мен жырға бөлеген мереке биыл бесінші мәрте өткізіліп отыр. Осы уақыт аралығында этнофестиваль ғасырлар қойнауынан жеткен қазақтың асыл мұрасын қайта жаңғыртуға үлес қосып келеді. Биылғы дәстүрлі думанға Қазақстанның түкпір-түкпірінен және алыс-жақын шетелден 35 мыңға жуық қонақ келді.

Қарқаралымы ДҮБІРГЕ БӨЛЕГЕН

ҰЛЫ ДУМАН

Салтанатты жиында Президент кеңесшісі Мәлік Отарбаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып, Президенттің ыстық ықыласы мен ақжарма тілегін жеткізді. Өз сөзінде ол ұлттық құндылықтарды дәріптеп, ата дәстүрді жаңғыртуға бағытталған мұндай тағалымды іс-шараларға Мемлекет басшысы әрдайым ерекше қолдау көрсететінін атап өтті. Сондай-ақ Кеген төрінде өтіп жатқан «Қымызмұрындық» мерекесі ұлттық бірегейлікті нығайтып, ұрпақтар сабақтастығын бекемдей түсетін маңызды мәдени алаң екенін қоса айтты.

«Қымызмұрындық» мерекесінің еліміздің әр өңірінде қайта жаңғырып, халықпен қауышып жатқаны ерекше қуантады. Ұлттық құндылықтарды дәріптейтін мұндай мерекелерге туристердің қызығушылығы да артып келеді. Хантаңірі баурайының сұлу табиғаты, Қарқара жайлауының көркем келбеті мен Мыңжылқы өңірінің қайталанбас сұлулығы кез келген жанды тәтті ететіні сөзсіз. Кереге таулы киелі Кеген жерінде өтіп жатқан бұл мереке ұрпақтар арасындағы рухани байланысты бекемдеп, ата дәстүрдің өміршеңдігін айқындай түседі. Осындай қасиетті өлкеде ұйымдастырылып отырған «Қымызмұрындық» мерекесі елдік сананы нығайтуға қызмет етіп, қазақ халқының бай мәдени мұрасын әлемге танытуға зор үлес қосады деп сенемін, — деді Президент кеңесшісі Мәлік Отарбаев.



Сондай-ақ іс-шара барысында Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев «Қымызмұрындық» — Кеген өңірінің ғана емес, тұтас Алматы облысының рухани-мәдени болмысын айшықтайтын бірегей жоба екенін негізге алды. Ұлттық құндылықтарды дәріптеп, өңірдің туристік әлеуетін танытуға қызмет етіп келе жатқан аталмыш фестиваль биыл

республикалық маңызы бар мәдени іс-шаралар күнтізбесіне енгізілген. Бұл — мерекенің ел көлеміндегі маңызын айшықтай түсетін маңызды қадам.

Бүгінде Алматы облысы табиғи байлығы мен тарихи-мәдени мұрасын тиімді ұштастыра отырып, туризмді дамытудың жаңа кезеңіне қадам басты. Өткен жылы өңірімізге 2,5 миллионнан астам турист келді. Бұл көрсеткіш облыстың бірегей табиғаты мен бай тарихи мұрасына деген қызығушылықтың жылдан-жылға өсіп келе жатқанын аңғартады. Көлсай мен Қайыңды көлдері, Шарын шатқалы, Хантаңірі баурайы, Қарқара жайлауы секілді табиғаттың інжу-маржандары қазір Алматы облысының ғана емес, тұтас Қазақстанның халықаралық деңгейде танылған туристік нысандарына айналды. Біздің басты мақсатымыз — туристер санын арттырумен шектелмей, олардың туған өлкеміздің табиғатын, тарихын, мәдениеті мен салт-дәстүрін терең танып, ұмытылмас әсермен оралуына жағдай жасау. Осыған орай өңірде экотуризмді дамытуға ерекше басымдық беріп келеміз, — деді облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев.

Қазіргі кезеңде Алматы облысы шетелдік туристерді қабылдау көрсеткіші

бойынша ел көлемінде үшінші орында тұр. Алғашқы екі орында Алматы және Астана қалалары көш бастаған. Жоғарыда аталып өткендей, былтыр облысқа 2,5 миллионнан астам турист келген. Бұл көрсеткішке өңірде түнеп, бірнеше күн демалған қонақтар енген. Ал бір күндік сапармен келіп-кететін туристердің саны бұдан да көп.

Ұлт мұрасын ұлықтаған мерекеге жиналғандардың арасында Қазақстанның түкпір-түкпірінен ғана емес, түркі дүниесінің әр тарапынан жиналған қонақтар да бар. Жиында Түркия, Әзербайжан, Қырғызстан, Қытай, Түрікменстан, Өзбекстан және Қарақалпақстан Республикасынан арнайы келген қонақтар көшпенділер мәдениетімен танысты.

Бүгін «Қымызмұрындық» мерекесінің куәсі болғанымға қуаныштымын. Ең алдымен, осындай тағалымды мол шараға халықтың көптеп жиналғаны ерекше әсер қалдырды. Бұл — ұлттық дәстүрге деген құрметтің, төл мәдениетке деген ықыласың көрінісі деп ойлаймын. Қазақстанда осындай мазмұнды мерекелердің жиі ұйымдастырылғанын қолдаймын. Мереке барысында қымыздан дәм татып көрдім. Қымыздың дәмі ерекше ұнады.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



ЖУРНАЛИСТЕР ӘУЕЖАЙ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне орай Астана халықаралық әуежайында «Әуежай және БАҚ» атты баспасөз туры өтті. Іс-шараға республикалық және өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысып, әуежай жұмысымен жан-жақты танысты.



Айсұлу СЪЕЗХАН

БАҚ қызметкерлері алдымен әуежайдың кинолог мамандарының жұмысына куә болып, күнделікті қызметі жайында ақпар

алды. Қатысушылар практикалық бөлімде екі топқа бөлінді. Бірінші топ кинолог пен қызметтік иттің әрекетін бақыласа, екінші топ оқу-жаттығу мақсатындағы жарылғыш заттың баламасын жасырды. Белгі берілгеннен кейін қызметтік ит аумақты

тексеруге кірісіп, шартты қауіпті затты қысқа уақыт ішінде тауып, тапсырманы мүлтіксіз орындады. Кинолог Темірлан Османовтың айтуынша, бүгінге дейін әуежай аумағында қауіпті жағдайлар болмаған.

Жұмысымыз ойдағыдай жүріп жатыр, халықтың қауіпсіздігі үшін жұмыс істейміз, әуежай аумағын бақылап, тәртібін қадағалаймыз. Кейде жолаушылар затын қалдырып кетеді, біз тексеріп, иесіне жеткізуге көмек береміз. Итімнің аты — Бен. Бірге бес жыл жұмыс істеп келемін, қызметімдегі алғашқы сенімді серігім десем болады. Итім жарылғыш заттарды тексереді, бір ит екі түрлі затты анықтай алмайды, әрқайсысының өз бағыты бар, — дейді кинолог.

Одан соң журналистер экскурсия аясында перронға шығып, әуе кемелерінің жанында фото және бейнетүсірілім жасауға мүмкіндік алды. Сонымен қатар әуежайдың апаттық-құтқару қызметі мамандарының дайындықтарын көріп, құтқарушылар жұмысының маңызды бір бөлігіне куә болды. Апаттық-құтқару қызметіне қарасты заманауи Rosenbauer өрт сөндіру автокөлігінің мүмкіндіктерін көрудің де осы кезде сәті түсті. Rosenbauer әзірге еліміздегі

қуатты қызметтік көліктердің бірі де бірегейі болып отыр. Мамандардың айтуынша, қазір әлем елдері осы көлік түрін қолданады. Арнайы техника төтенше жағдай орнына қысқа уақытта жетіп, қуатты сорғылары мен өрт сөндіру заттарының мол қорының арқасында өртті тиімді сөндіре алады. Бір қуаныштысы, әуежайда бүгінге дейін апаттық жағдайлар болмаған, сол себепті қызметтік көлік тек игі шараларда ғана қолданылып келеді.

Баспасөз турының тағы бір маңызды кезеңі — Qazaqstan Catering Solutions өндірістік кешенін аралау. БАҚ өкілдері бортық тағамның дайындалуынан бастап оны әуе компаниялары үшін жинақтауға дейінгі өндірістік циклмен танысты. Сонымен қоса халықаралық сапа стандарттары, санитарлық қауіпсіздік талаптары,

тағамды сақтау және әуе кемелеріне жеткізу технологиялары туралы жан-жақты ақпар жинай алды.

Экскурсиядан кейін Астана халықаралық әуежайы басқарма төрағасы Бекен Сейдахметовпен кездесу өтті. Жиында әуежайдың негізгі өндірістік көрсеткіштері таныстырылып, бағыттар желісін кеңейту, инфрақұрылымды жаңғырту, халықаралық ынтымақтастықты дамыту, жүк тасымалын ұлғайту, жолаушыларға көрсетілетін қызмет сапасын арттыру сынды мәселелер талқыланып, жұмыстың нақты жоспары ұсынылды.

Елордамыз күн сайын өркендеп, туристік қала ретінде де танымалдығы арта түсті. Қала тұрғындары мен қонақтарының саны артуына байланысты қызмет көрсету сапасы жетілдіріліп, әуежай аумағы да алда кеңейтілмек.



БАҚ ӨКІЛДЕРІНЕ ПӘТЕР КІЛТІ ТАБЫСТАЛДЫ



Алматы облысында Мемлекет басшысының атынан өңірдегі жағымды жаңалық жаршысы болып жүрген қос бірдей маманға пәтер кілті табысталып, ақпарат саласына саналы ғұмырын арнаған журналистер қауымына мемлекеттік наградлар берілді. Мәртебелі марапаттар мен баспана кілтін облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев табыстап, БАҚ өкілдерін кәсіби мерекесімен құттықтады.

Салтанатты рәсімде «Алатау арайы» газетінің бас редакторы Қуаныш Тұңғатар мен «Өлке тынысы» ЖШС-ның баспа қызметіндегі үйлестірушісі Жанат Тоқанова баспана бақытына кенелді. Сондай-ақ ардагер журналист «Өлке тынысы» ЖШС басшысының кеңесшісі Кәдірбек Құныпияұлы «Парасат» орденімен, «Еңбекші-қазақ» газетінің тілшісі Игорь Туранин «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Алатау арайы» газетінің жауапты хатшысы Шолпан Нұржауова «Шапағат» медалімен марапатталды. Сонымен бірге бірқатар медиа маман «Еңбек ардагері», «Ақпарат саласының үздігі», Құрмет грамотасы мен Алғысхат иегері атанды.

Марат Елеусізұлы марапат алғандар мен жана қоныс иелерін шын жүректен құттықтай отырып, бұл БАҚ өкілдерінің ел дамуына, ақпарат кеңістігінің өркендеуіне қосқан елеулі үлесінің айқын көрінісі екенін айтты.

«Сіздер күн сайын ел өміріндегі маңызды оқиғаларды халыққа жедел әрі шынайы жеткізіп, қоғам мен мемлекет арасындағы байланыстың нығаюына

үлкен үлес қосып келесіздер. «Қалам елді түзейді» деп бекер айтылмаса керек. Сіздердің кәсіби біліктілігіңіз, табанды еңбектеріңіз бен азаматтық ұстанымдарыңыз қоғамның дамуына қызмет етіп келеді. Ұлт құндылықтарын дәріптеп жүрген журналистерге халық үлкен үміт артады. Осындай қасиетті де қастерлі істе қаламдарыңыз мұқалмасын!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен журналистерге кәсіби мереке қарсаңында Астанадан баспана беріліп жүргенін жақсы білесіздер. Биыл бұл игі бастама өңірлерде жалғасын тапты. Алматы облысы да осы қатарда. Бұл – саналы ғұмырын өңіріміздің тыныс-тіршілігінен хабар таратуға арнап, қажырлы еңбек етіп жүрген журналистерге берілген лайықты құрмет», – деген аймақ басшысы журналистер қауымы үшін тағы да жағымды жаңалықты жария етті. Айтуынша, биылдан бастап «Алатау» өңірлік ипотекалық бағдарламасына «Бұқаралық ақпарат құралдары» санаты қосылды. Енді Алматы облысында жұмыс істейтін журналистер осы бағдарламаға қатыса алады. Одан

бөлек, медиа саласының үздіктерін ынталандыру мақсатында өңірімізде жыл сайын «Самғау» медиа сыйлығы ұйымдастырылып келеді. Биыл да жыл соңында «Самғаудың» жеңімпаздары марапатталады. Осы жолы «Таза Қазақстан», «Заң мен тәртіп» тақырыбында жазылған үздік мақала, телесюжет және бейнероликтерге басымдық берілді. Сондай-ақ облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуын кенінен насихаттауға атсалысқан журналистер де назардан тыс қалмайды.

Кәсіби мереке қарсаңында су жана пәтер иесі атанған Қуаныш Тұңғатар баспаналы болу әрбір журналистің, әрбір маманның арманы екенін айтып, сол арманды орындаған Президентке, облыс әкіміне алғысын айтты.

«Қазақ журналистикасының жолбарысы атанған Шерхан Мұртазаның «Журналистің арқалағаны – алғыс, жегені – жантақ» дейтіні бар. Бүгін бұл тәмсілді өзгертуге тура келіп тұрғандай. Өйткені бір жылда 365 күн болса, тілшілер оның 364 күнін өзгенің жырын жырлап, мұның мұндап, мүддесін қорғаумен өткізеді. Соның ішінде бір күн, яғни Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күнінде барша тілші қауымының мерейі тасып, арқаланып қалатыны бар. Алматы облысы Президенттің Жарлығымен екіге бөлініп, облыс орталығы Қонаев қаласына көшірілгеннен бергі төрт жыл уақытта алғаш рет БАҚ өкілдеріне баспана беріліп тұр. Бұл ең алдымен Мемлекет басшысының, одан кейін облыс әкімінің нәтижелі жұмысының жемісі», – деді Қуаныш Абайбекулы.

Халық пен билік арасында алтын көпір болып, ел мүддесін бөрінен биік қойған журналистердің еңбегі әрқашан құрметке лайық. Ал Алматы облысында БАҚ өкілдерінің қуанышы мұнымен шектелмейді. Жоғарыда атап өткендей, енді олар «Алатау» өңірлік ипотекалық бағдарламасына қатысып, баспаналы бола алады. Сондықтан журналистер қауымын қуанышқа бөлейтін жағымды жаңалықтар легі әлі де жалғасалды.

Сымбат БЕГІМБАЙ

БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ БАҒДАРЫ

Атырауда өткен «Қазыналы Каспий – 2026» халықаралық балық фестивалі мен халықаралық форум Каспий өңіріндегі балық шаруашылығының бүгінгі ахуалы мен болашағын кеңінен талқылаған маңызды алаңға айналды. Форум барысында жарияланған деректер саланың дамып келе жатқанын көрсеткенімен, теңіз экожүйесіне тәнген қауіптердің де азаймағанын аңғартты.



Баян ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау облысы

Каспий – тек табиғи байлық емес, миллиондаған адамның күнкөріс көзі. Қазақстандағы жыл сайын ауланатын 50 мың тонна балықтың 19 мың тоннадан астамы Жайық-Каспий бассейнінің үлесіне тиесілі. Сондықтан Атырау облысы елдің балық шаруашылығындағы стратегиялық өңір саналады.

Алайда кейінгі жылдары Каспий теңізінің тартылуы, климаттың өзгеруі, өндірістік қысымның артуы және браконьерлік сынды факторлар балық қорына елеулі қауіп төндіріп отыр. Атырау облысының әкімі Серік Шәпкеновтің айтуынша, өңірде бекіре тұқымдас балықтарды қолдан көбейту, ғылыми зерттеулерді жетілдіру және Каспий теңізі бассейнінің биологиялық

әртүрлілігін сақтау бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда.

– Біз акваөсіруді дамыту азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға, жана жұмыс орындарын құруға және саланың экспорттық әлеуетін арттыруға елеулі үлес қосатынына сенімдіміз. Өңірде бекіре тұқымдас балықтарды қолдан көбейту, ғылыми зерттеулерді жетілдіру бағытындағы жұмыстар жалғасуда, – деді облыс әкімі.

Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің төрағасы Серік Сермағамбетовтің мәліметінше, соңғы төрт жылда еліміздегі балық өсіру шаруашылықтарының саны төрт есеге артып, 700-ге жеткен. Қазір Қазақстанда жылына 26 мың тоннаға дейін албырт және бекіре тұқымдас балықтар өсіріледі.

Мемлекет қабылдаған «Акваөсіру туралы» заң мен 2030 жылға дейінгі салалық

бағдарлама инвестиция тартуға жол ашты. Соның нәтижесінде бүгінде Атырауда жалпы құны 60 миллиард теңгенен асатын 40-тан астам инвестициялық жоба жүзеге асырылуда.

Олардың арасында Махамбет ауданындағы «А-Дана» шаруашылығы жылына 15 миллион дана бекіре шабағын өндіруге қабілетті кешен қалыптастырса, Томарлы ауылындағы Caspian Royal Fish кәсіпорны жылына 100 тонна бекіре балығын және бір тонна азықтық уылдырық өндіреді. Каспий теңізінде норвегиялық технология арқылы форель өсіріп отырған Organic Fish жобасы да саладағы тын бастамалардың бірі. Оның қуаты жылына 5 мың тонна өнім шығаруға мүмкіндік береді.

Каспийдің басты байлығы саналатын бекіре тұқымдас балықтардың жағдайы әлі де күрделі. Серік Сермағамбетовтің айтуынша, 2017 жылдан бері Каспий маны мемлекеттері бекіре балығын кәсіптік аулауға толық тыйым салған. Соған қарамастан табиғи популяцияны қалпына келтіру үшін жасанды көбейту жұмыстары жалғасып келеді.

Кейінгі 30 жылда Қазақстан Каспий теңізіне 180 миллионға жуық бекіре шабағын жіберген. Атырау бекіре балық өсіру зауыты жыл сайын 5-6 миллион шабақты табиғи ортаға жібереді. Зауыт директоры Болат Мұхатжиевтің айтуынша, табиғи көбеюдің төмендеуі мен өндірістік жүктеменің артуы жана тәсілдерді қажет етеді.

Форумда жарияланған ең алаңдатарлық деректердің бірі Каспий итбалығының санына қатысты болды. Балық шаруашылығы комитетінің төрағасы Серік Сермағамбетовтің мәліметінше, өткен ғасырдың басында саны 1 миллионнан асқан теңіздің жалғыз эндемигі бүгінде шамамен 270 мың басқа дейін азайған. 2024 жылы ғана Қазақстан секторынан екі мыңнан астам өлі итбалық табылған.

реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі бірінші басшының қызметі туралы жыл сайынғы есебінің «Қазушар» РМК-ның <https://qazsu.kz/> интернет-ресурсында орналастырылғаны туралы хабарлар етеді».

Реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері: арна бойынша су беру; магистралды құбырлар арқылы су беру; электр энергиясын беру және тарату.

Сондай-ақ есеп ZOOM форматында келесі сілтеме бойынша жүргізіледі:

Сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/4915012827?pwd=CPuF7HDNNScy7zykUbnUhaoEbVJCL1&omn=73692767164>
Қол жеткізу коды: 1234»

ҚАУЛЫНЫҢ МӘНІ – ҚОҒАМНЫҢ ЖАЙЫ

Ақмола облыстық қоғамдық кеңесінің отырысы әдеттегі есеп беру жиыны емес, ондаған жылдар бойы қордаланған мәселелердің қақпағын ашқан алаңға айналғандай. Күн тәртібіне шығарылған бес бірдей мәселенің әрқайсысы өңір тұрғындарының күнделікті өміріне тікелей әсер ететін аса өзекті түйткілдер. Жиын барысында құзырлы органдарда отырған шен-шекпенділердің сылбыр әрекеті мен жауапкершіліктің тым төмендігі тағы бір мәрте сын садағына алынды.



Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Бұл жолы қоғамдық кеңес мүшелері шенеуніктердің дайын баяндамасын тындап қана қойған жоқ. Әр мәселенің астарына үніліп, жауапты басқарма басшыларына өткір сұрақтар қойды.

КОРЫМДАҒЫ ҚОҚЫС – ҚОҒАМ МӘДЕНИЕТІНІҢ АЙНАСЫ МА?

Жиындағы ең қызу талқыланған мәселенің бірі – Ақмола облысында жерлеу және қабірлерді күтіп-ұстау қаридаларын бекіту жобасы. Тиісті қағида бойынша жерлеу тәртібі, қорымдарды күтіп ұстау, санитарлық талаптар мен жауапты мекемелердің міндеттері тайға таңба басқанлай нақты көрсетілген. Алайда қоғамдық кеңес мүшелері қазіргі жағдайдың мүлдем талапқа сай емес екенін жасырмады.

Әсіресе қала маңындағы бейіттердің жағдайы адам шошырлық күйге түскен. Облыстық Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының бөлім басшысы Болат Мейрамов қоқыс тоқсан сайын шығарылатынын айтқанымен, бұл жауап қоғамдық кеңес мүшелері аса қанағаттандырды.

Расында да, қоғамның өркениеттік деңгейін күн сайын шаһар аумағында сәулеті жарасқан зәулім ғимараттар емес, зираттарының жағдайы көрсетеді деген тұжырым бар. Өйткені қорымдар өткен мен бүгінгі жалғайтын өрі тарихтың куәгеріне айналатын рухани кеңістік. Сондықтан бейіттердің басындағы санитарлық ахуал мен тазалыққа баса мән берілу қажеттігі құптарлық мәселе.

Бұл орайда бейіт басында құрылыстан кейін артын жинамаудың аса кең өріс алғаны да сын садағына ілінді. Ақмола облыстық ұлттық спорт түрлері федерациясының төрағасы Марат Койшин жерлеуден кейін құрылыс қалдықтарын тастап кететін азаматтарға әкімшілік жауапкершілік енгізуді ұсынды. Ал Ақмола облыстық қоғамдық кеңес төрағасының орынбасары Серік Көкенов қорымдарды есепке алу мен нөмірлеу жүйесінің жоғын өткір сыға алғанымен қоймай, мәселенің әлдеқайда терең екенін алға тартты.

– Біздің қала зираттарында нақты жүйе жоқ. Нөмірлеу жоқ. Барлығы бейберекет орналасқан. Ертен бір адамның бейітін іздеу үлкен мәселеге айналады. Өйткені күн санап бейіттің көлемі ұлғайып, жерленген адамдардың саны өсіп барады. Бұл жерге Құран бағыштау үшін келген ұрпағы мен туған-туыстары да таба алмай қалу қаупін тудырады, – деп атап өтті ол.

Зиратты күтіп-ұстаумен айналысып жүрген Ербол Мырзатаев кейінгі 8 жылда арнайы есеп жүргізіліп жатқанын, қосымша төрт гектар жер бөлінгенін және цифрландыру жұмыстарының шамамен 50 пайызға дейін аяқталғанын жеткізді. Әйтсе де, прокуратура, полиция және Көкшетау қалалық қоғамдық кеңесінің қатысуымен арнайы кеңейтілген отырыс өткізу туралы ұсыныс қабылданды.

ЖЫЛУ МАУСЫМЫ: ЖАУАПКЕРШІЛІК КІМНІҢ МОЙНЫНДА?

Жиында талқыланған тағы бір күрделі мәселе – алаңдағы жылыту маусымына дайындық жайына бағытталды. Облыстық мәслихаттың 2016 жылдан бері өзгеріс енгізілмеген қағидаларына түзетулер ұсынылды. Бөлім басшысы Темірлан Тілеужановтың айтуына қарағанда, ендігі жерде әрбір тұрғын үй мен қазандық дайындық төлқұжатын алуға міндетті болады. Алайда талқылау барысында мәселенің әлдеқайда күрделі екені аңғарылды.

«Көкшетау жылу» коммуналдық кәсіпорны өкілдерінің мәліметінше, облыс орталығында 356 көпқабатты үйдің нақты басқарушы ұйымы жоқ болып шықты. Яғни мұндай үйлерде инженерлік желілердің жай-күйіне кім жауап беретіні беймәлім.

Қоғамдық кеңестің комиссия төрағасы Болат Жұпынов бұл мәселенің жыл сайын

қайталанатынын айтып, жауапты органдардың жұмысын сынға алып нақты мысал келтірді.

– Қаладағы көптен бері қордаланған мәселенің бірі – үйге жөндеу кезінде көпшілік заңды белден басса да, өз білгеніне салады. Тұрғын үйдің техникалық құжаттарына қарамастан үйдің ішкі қабырғаларына дейін бұзып та тастайтындар бар. Елденді жылытамыз деп жылу жүйесін қалауынша өзгертеді. Ал соның кесірінен көрші үй қыста тоңып отыруға мәжбүр болады. Мұндай жағдайлар бұрын да болған, қазір де баршылық, – дейді Болат Зарлықұлы.

ДӘРІГЕРЛЕР НЕГЕ КЕТЕДІ?

Отырыстағы ең өткір әрі эмоциялық талқылау медицина саласына қатысты болды. Ақмола облысының Денсаулық сақтау басқармасы биыл ауылдық жерлерге дәрігер тарту үшін бюджет қоржынынан 600 млн теңге сомасында қомақты қаражат бөлінгенін мәлімдеді. Бағдарлама аясында жас мамандарға көтермеақы мен әлеуметтік қолдау қарастырылыпты. Бірақ қоғамдық кеңес мүшелері қағаздағы көрсеткіш пен нәтиженің арасында үлкен айырмашылық барын хабарлады. Болат Жұпынов кейбір аудандарда жас дәрігерлерге көтермеақы алуға өтініш бермеу жөнінде бейресми қысым жасалғаны туралы ақпарат бар екенін жеткізді.

– Егер бұл рас болса, онда мемлекет бөліп отырған қаржының мақсатына жетпегені. Жас маман ауылға келгенде қолдау көруі керек, кедергі емес, – деді ол.

Серік Көкенов мәселенің шегіне жетіп, тіпті күйіп тұрғанын айтып құзырлы басқарма өкілдерін қатаң сынға алды. Оның айтуына қарағанда, бытыр өңірге 263 жаңа дәрігер келгенімен, олардың қанша жұмыстан кеткені жөнінде бірде-бір нақты статистика ұсынылмаған.

– Мемлекет жүздеген миллион теңге бөліп отыр. Бірақ біз дәрігерді ұстап қала алмай келеміз. Кейбірі әлеуметтік көмекті уақытында ала алмай кетіп жатыр. Бұл – жүйенің әлсіздігі, – деп атап өтті денсаулық сақтау саласында ондаған жыл еңбек еткен тәжірибелі ұйымдастырушы, медицина ғылымдарының кандидаты Серік Қабдәуірұлы.

Тіпті басқа-басқа емес, облыстық аурухананың өзінде 2025 жылдың тамызынан бері өтініш берген 21 медицина қызметкері төлемдерін толық алмағаны айтылды.

НАРЫҚ СУРАЙТЫН МАМАНДЫҚТАР ҚАЙДА?

Жиында білім беру мәселесі де назардан тыс қалмады. Облыстық білім басқармасы 2026-2027 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын еңбек нарығындағы сұранысқа бейімдеу әзірлегенін хабарлады. Басшының орынбасары Валерий Гамазовтың айтуынша, бүгінде техникалық мамандықтарға сұраныс күрт өскен.

– Елге дәнекерлеуші, механик, электрші, құрылысшы мамандар ауадай қажет. Барлық жас міндетті түрде университетке түсуі керек деген түсінік өзгеруі тиіс. Бұл үшін еңбек адамдарына деген сұранысты реттейтін жүйенің реттелуі аса маңызды, – дейді ол.

Бұл пікір расында да еңбек нарығындағы қазіргі үрдістермен толық сәйкес келеді. Соңғы жылдары өндірістік секторда жұмысшы мамандардың тапшылығы бірнеше рет ашық көтерілген еді.

Бұдан бөлек, қоғамдық кеңес отырысында шаруашылық ішкі ирригациялық және коллекторлық-дренаж жүйелерін пайдалану қағидалары да мақұлданды. Су ресурстарының азаюы мен климаттық өзгерістер жағдайында бұл мәселенің стратегиялық маңызы да артып келеді.

Мамандардың айтуынша, жана қағидалар су ысырабының алдын алып, егістіктің өнімділігін арттыруға мүмкіндік бермек.

Бірнеше сағатқа созылған отырыстың қорытындысында қол тәртібіндегі барлық жоба бірауыздан қолдау тапты. Алайда талқылаулардың мазмұны көрсеткендей, мәселе қаулы қабылдаумен ғана шешілмейді.

SPORT STYLE

30 МАУСЫМ 2026 | СЕЙСЕНБІ

кейде спорттағы жетістік тек жеңіп алған трофейлермен өлшенбейді. Команданың атқарған еңбегі мен танытқан қайтпас қайсар мінезі көбіне-көп ең маңызды көрсеткіштің бірі бола алады. Елордалық «Астана» баскетбол клубының 2025-2026 жылғы маусымы дәл осындай кезең ретінде жанкүйерлердің есінде қалғандай.

ЕЛОРДАЛЫҚ КЛУБТЫҢ ЕҢСЕЛІ МАУСЫМЫ



Жақында баскетбол командасы Астанада жылдық нәтижені қорытындылау мақсатында баспасөз мәслихатын өткізді.

Команда өткен маусымдарда ВТБ Бірыңғай лигасына қатыспаған еді. Аталған лига – Ресей федерациясы мен ВТБ банкінің бірлесіп құрған халықаралық баскетбол турнирі. Бұл лигада астаналық ойыншылар жиі төбе көрсетіп келгенімен, кейінгі маусымда қатыспауды жөн деп шешкен.

Астана командасының аталған доғаға қатыспауына негіз болған басты себеп – іскерлік байланыс орнатқан Лига басшылығымен жүргізілген келіссөздердің нәтижесі. Сонымен қатар клубтың тиісті түрде жасакталып, қажетті деңгейдегі легионерлерді тарту мүмкіндігі болмады. Алайда елордалық команда құрамасы «Астананың» жақын болашақта жарысқа қайта қосылуына мүдделі.

АҚТАЛҒАН СЕНИМ

Дегенмен де елордалық команда Ұлттық лигада сенімді ойын өрнегін көрсетті. Турнир кестесінің жоғары сатысында орнығып, плей-оффқа басты фавориттердің бірі ретінде жол тартты. Команданың шеберлік көрсетуі заңды да еді, алайда биылғы финал «Каспий» командасымен тартысты текетіреске ұласты. Нәтижесінде, чемпиондық ақтаулық командаға бұйырғанымен, «Астана» ойыншыларының маусым бойы атқарған еңбегі еш кеткен жоқ.

Клубтың бас директоры Самсон Аракелянның айтуынша, команда Ұлттық лиганың финалдық сериясында жеңіліс тапқанына қарамастан, маусымды сәтті өткізді.

– Біз тұрақты чемпионатты алғашқы орында аяқтап, финалға шықтық және Батыс Азия суперлигасында лайықты өнер көрсеттік. Көптеген шетелдік бәсекелестеріміздің бюджеті бізден үш-төрт есе көп болды. Соған қарамастан, команда біздің артқан үмітіміз бен сенімімізді толықтай ақтай алды десем, еш қателеспеймін, – дейді ол.



КОМАНДАНЫҢ ЖЫЛДЫҚ БЮДЖЕТІ

«Астана» кәсіби клубының бюджеті шамамен 2 млрд теңгеге жетіп отыр. Клубты қаржыландырудың негізгі бөлігі мемлекеттік спорт ұйымдары арқылы іске асады, сонымен қатар қаржының белгілі бір бөлігін клуб өз қызметі арқылы табады. «Астана» – ВТБ Бірыңғай лигасында өнер көрсеткен клубтарға қарағанда, ең қарапайым бюджетке ие команданың бірі. Оның қаржылық мүмкіндігі лиганың жетекші ресейлік клубтары – «ЦСКА» мен «Зенит» командаларының бюджетінен әлдеқайда төмен. Дегенмен де

Команданың ерекше көзге түскен тұсы – халықаралық деңгейдегі ойындары. Батыс Азия суперлигасында өнер көрсеткен қазақстандық клуб қаржылық мүмкіндігі әлдеқайда жоғары қарсыластармен иық тірестіре ойын көрсетті. Кей матчтарда тәжірибе мен бюджет емес, жігер мен тәртіп жеңіске жеткізетінін дәлелдеді. Соның айқын көрінісі ретінде құрлықтағы ең мықты команданың бірі ливандық командамен болған ойындағы жеңісін атауға болады. Бір айтарлығы, ливандық «Аль-Рияди» баскетбол құрамасы бұған дейін бірде-бір рет ұтылып көрмеген.

Клуб басшылығы да маусым қорытындысына он баға беріп отыр. Бас директор Самсон Аракелянның пікірінше, команда әлеуетін толық ашып, күткен нәтижеден де жоғары деңгей көрсетті.

– Кей қарсыластарымыздың мүмкіндігі бізден бірнеше есе жоғары болды. Соған қарамастан, команда алға қойған міндеттерді орындаумен қатар, жоспарлағаннан да жақсы нәтиже көрсетті, – деді ол.

ҚҰРАМДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Маусым барысында ұжым түрлі қиындыққа тап болды. Плей-офф алдындағы кадрлық өзгерістер команданың жұмысына әсер етпей қоймады. Дегенмен ойыншылар қысымға төтеп беріп, маусымның шешуші сәттерінде жауапкершілікті мойнына ала білді. Соның бірі – финалдық сериядағы төртінші матч. Легионер ойыншылардың бірі Алас Юшквичус алаңнан кеткеннен кейін команданың жауапкершілігі жергілікті баскетболшыларға түсті. Сол кездесуде «Астана» мінез көрсетіп, жанкүйерлер сенімін ақтай алды. Команда капитаны Рустам Мурзағалиевтің айтуынша, дәл сол матч ұжымның, шын мәнінде, бірлігін көрсеткен.

– Біз сол сәтте әрқайсымыздың жауапкершілігіміз арқанын түсіндік. Команда болып бірігіп, маңызды жеңіске жеттік. Енген өзгерістер бізге тек өзімізді көрсететін мүмкіндік пен үлкен мотивация сыйлады, – деді капитан.

БАСКЕТБОЛ КӨРЕРМЕНИ АРТЫП КЕЛЕДІ

Өткен маусымның тағы бір маңызды жетістігі – жанкүйерлердің баскетболға деген қызығушылығының артуы. Финалдық ойындарда аренаардың лық толуы, әлеуметтік желілер мен трансляциялардағы белсенділік бұл спорт түрінің елдегі беделі өсіп келе жатқанын аңғартты. Бұрын футбол мен хоккейдің тасасында қалып келген баскетбол бүгінде өз аудиториясын қалыптастырып үлгерді.

Клуб басшылығы құрамды күшейту бағытындағы жұмыстарды жалғастырып жатыр. Сонымен қатар команда күзде өтетін Батыс Азия суперлигасының финалдық кезеңіне дайындықты бастап кетті.

Мәселе жүлденің беделінде емес. Маныздысы – команданың өз мүмкіндігін дәлелдеуі, халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті екенін көрсетуі. Сондықтан бұл маусымды елордалық клуб үшін жеңіліс емес, жана белестерге бастайтын маңызды қадам деп бағалаймыз.

Мәлім болатқызы,
ЕҰУ-дың 2-курс студенті

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АКЦИЯСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Алматы облысында өткен «Қымызмұрындық-2026» этнофестивалі мәресіне жетіп, шарадан кейін «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында Қарқара жайлауында тазарту жұмыстары жүргізілуде. Алдағы күндері де бұл жұмыстар жалғасатын болады, – деп хабарлайды Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі.



Коммуналдық қызмет мамандары мен еріктілер коқыстарды желден жинап, алаңды ретке келтіруде. Соның нәтижесінде аумақтың тазалығы сақталып, қоршаған ортаны қорғау талаптары қамтамасыз етілді. Тұрмыстық қалдықтар мен пластик бөтелкелер арнайы техникамен шығарылып жатыр.

Бұл ауқымды мәдени жобаларды табиғатқа жанашырлықпен қарап, экологиялық жауапкершілікті сақтаумен ұштастыруға болатынын көрсетті. Осылайша, «Қымызмұрындық-2026» фестивалі көпшілікке жарқын әсер мен ұмытылмас естеліктер ғана сыйлап қойған жоқ. Сонымен қатар ұлттық мұраны құрметтеу табиғатқа қамқорлықтан басталатынын айқын көрсетті. «Таза Қазақстан» бағдарламасының маңыздылығына көпшіліктің тағы бір мәрте көзін жеткізді.

СТЕНД АТУДАН ТАРИХИ ЖЕТІСТІКKE ЖЕТТІ

Қазақстандық спортшылар стенд атудан жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында алғаш рет алтын медаль еншіледі. Қазақстанның стенд атудан жасөспірімдер командасы ISSF әлем чемпионатында тарихи жетістікке қол жеткізіп, командалық сайыста алғаш рет әлем чемпионы атанды.

2026 жылғы 16-26 маусым аралығында Германияның Зуль қаласында өтіп жатқан жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында қазақстандық спортшы қыздар арасындағы «Трап» жаттығуында командалық есепте үздік нәтиже көрсетті. Олар 337 рет нысанаға дәл тигізу көрсеткішімен алтын медаль жеңіп алып, жеңіс тұғырына көтерілді. Чемпиондар қатарында Элеонора Ибрагимова, Мария Горун, Милана Папчихина да бар.

Әлем біріншілігіне 63 елден 778 спортшы қатысып жатыр. Ел намысын 13 мерген қыз қорғады. Олар жеке-жеке және командалық жарыстарда бақ сынап, халықаралық аренадағы жоғары бәсекеге қабілеттілігін тағы бір мәрте дәлелдеді.



AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Албал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Сағатхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдбиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНЖАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 875-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.ait@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4757
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сипеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,